

ЖАРКЕНТ

№21 (41), 30 қараша,
дүйсенбі, 2020 жыл,
jar-aina@mail.ru



Айнасы

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

АБАЙ АРҚЫЛЫ ТАРИХТЫ ТАНУ ЖАЛҒАСА БЕРМЕК



Дана Абайдың соңына қалдырған, нақыл сөздеріндегі, өлең шумақтарындағы мағынасы терең ойлы орамдарды, тағылымды тіркестерді оқи отырып өзіңізге жаңа бір сырлы дүниенің көзін ашқаныңызға тәнті боласыз. Ойшыл ақынның шығармаларының ішкі қуаты артына жазып қалдырып кеткен өлеңдері мен нақыл сөздерінде тоғысқан. «Жүрегіңнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла. Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім, Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!» деген өлең жолдарына ой жіберсеңіз, терең бір, біз бойлай алмайтын тұңғышқа сілтеу жасағандай.

Ақынның жан-дүниесінде жүріп жатқан құбылыстарды түсіне білу үшін, өлеңін сырттай оқып қана емес, өзі айтқандай «тұшынып» жүрегіңмен

қабылдағанда ғана мәнін ұғасың дегенге саяды. Абай дүниеге келіп есеюге аяқ басқаннан бастап көргені, көкірегіне түйген дүниесі – өзі өмір сүріп отырған қазақ қоғамына қасірет әкелген шетелдік отаршылдардың әділетсіздігі. Өлеңінен тағдырдың тәлкегіне сілтеп қойып адамдардың ойға алған нәрсесін жасатпай отырған, былай жүрсе де, былай бұрылса да бетін қайырып тастайтын «соқтықпалы» қоғамдағы келенсіз көріністерді басқалардан бұрын байқап, оны жеңудің жолдарын нұсқап, «соқпақсыз жерге» соқпақ салып, қазағына тыңнан жол, яғни, келелі ой тастап отырғаны байқалады. Қаны қарайған, жаны жаралы ақын қаламын қолына алып қазағының ғылымнан, білімнен артта қалып, дер кезінде оқуға жол төсемей,

өзге елге қараңғылығынан бодан болғандығына күйініп, ашынып айтып отыр. Тарих тегершігінің қазақ үшін басқа отарлаушы мемлекеттің билігінің күшімен қозғалып тұрғандығын жан-дүниесімен сезінген ақын шыдай алмай «мыңмен жалғыз алысып жүргенін» жазады. Нендей күйге түсіп, қайда баратынын айналасындағы надан, көрсоқырлардың білмейтініне ыза болады. Қоғам құбылысын тез аңғарып отаршылдық желінің қай бағытқа бет алғандығын бағамдау үрдісінде Абай өзгелердің алдында тұр. Осы орайда менің айтпағым мынау мәселе еді.

(Жалғасы 2-бетте)

ТӨРЕХАН АҚЫН

Еліміз егемендік алғалы бері қарт тарихтың ақтандық беттерін ақтаруға қол жетіп, рухы биік бабаларымызды ғасырлар қойнауынан аршып алып, бүгінгі күннің төріне шығара бастадық. Болмысынан ерекше жаратылған сергек жандардың ізгі қасиеттеріне үңілу, танымды тағылымдарын тану өскелең ұрпаққа тәлім. Әсіресе, тектілікті қастерлеген қазақы ұғымға орай ұрпақтар сабақтастығын саралап, өзекті мәселе әке мен бала жалғастығына ой жүгірту. Осы мақалада Жақыбай бидің баласы Төрехан ақынның өнердегі бейнесі, қайраткерлік қыры, бала тәрбиесіндегі ықпалы екселенеді.

Әр кімнің өз тегін, қайдан шыққанын білуге құштарлығы, өзінің түп-тамырын тереңнен тартқысы келетіні тым әріден келе жатқан қазаққа тән танымдық ұмтылыс. Тектілік тамырына үңілсек Төрехан ақынның атасы Салпық би Токарыстаннан тарайтын Бесмұратқа билік құрған, әкесі Жақыбай осы билікті жалғастырып, Мырзамкелді руының Туматай тармағына билік жүргізген. Атасы да, әкесі де жері бай, берекелі елдің көшін бастап, ұрпақтарына ұлағатты жол қалдырған адамдар.*

Салпық би күллі саналы ғұмырын ел игілігіне сарп еткен адам. Уақыт ықпалымен қазақ болмысының және қазақ елінің жаңа бағытқа бұрылуы Салпық би заманының сағасына құяды. Жақыбай бидің дәуірінде қазақ қауымының көшпелі тірлігі отырықшыл мәдениетке бет бұрып, кеңестік саясаттың қыспағына ұшырау кезеңіне ұласады. Алмағайып заманда өмір сүрген екі би де «бір кісінің баласындай, бір қолдың саласындай» деген ұстанымға сүйеніп, асқақ армандарымен елін

береке-бірлікке ұйытып, жұртының жарасымды тірлікпен өсіп-өніп өркендеуіне ықпал еткені сөзсіз.

Жиырмасыншы ғасырдың басында Совет Одағы орнап, қоғамдық формация өзгеріске ұшырады. Итжығыс, аласапыран заман келді. Осы тұста жігіттік жасқа іліккен Төрехан атам басынан көптеген қиындықтарды өткереді. Архивке үңілсем, арнайы хатқа түскен деректер мол болатыны хақ. Бірақ, әкемнің өтінішіне орай қолыма ертерек қалам алдым. Сонымен, атамның бейнесі әжем айтқан және әкемнің есте сақтаған әңгімелері негізінде сомдалды.

Салпық атасы мен Жақыбай әкесінің өміріне ой жүгіртсек Төрехан атамның қадірлі де қастерлі азамат болуы табиғи заңдылық десем де болар. Атам Суан тайпасының қасиетті атамекені Белжайлау төрінде атажұрт «Басатқарағай» қонысында дүниеге келген екен. Жер тарихын бедерлесек, қойнауы құтты Арқас тауы, оның кең ауқымды Еренқабырға салмауы Салпық атамздан бері Туматай ұрпақтары қазығын қаққан қасиетті қарашаңырақ. Салпық атамыз Арқас тауының арғы беттегі шығыс салмауын да, батысқа қарай жалғасқан бергі беттегі Еренқабырға сілемін де мекендегені белгілі. Жақыбай атамыздың пешенесіне бұйырғаны тек батыс салмауы Еренқабырға тауын қоныс ету болыпты. Төрехан атамыз болса, балалық шағын Арқас тауының батысы Еренқабырға салмауында өткізіп, тағдыр тәлкегімен арғы бетке өткенде Салпық атасы мекендеген шығыс қапталына барып тұрақтапты.

(Жалғасы 4-5 бетте)

ҚАЙРАН АТАМ...

Ес біліп, ақыл кіргеннен – алпыс жастан асқан бүгінгі күнге дейінгі ғұмырымдағы бір басы ашық нәрсе сол, «Нұртілеуұлы» болғандығым мен үшін әркез зор мақтаныш, биік мәртебе. Бұл сезім мынау жарық пәніде бұдан әрі көрер әрбір сәтімде солай бола береріне титтей де күмәнім жоқ. Тіпті өрмелеген сайын өркештенге түсер асқар таудай асқақтай түсері анық.

Жалпы, атамның жүзін жер жасырғалы жиырма тоғыз жыл. Оны көрген көнекөздер қазір кездесе қалса қауқылдасып қалады:

– Әй, сен әлгі... ақбас сары шалдың баласы емессің бе?

– Шашыңды ақ шалып, әкеңнен аумап қалыпсың ғой...

– Ой, Нүкеннің қимылы кесек, сөзі қылыштай еді-ау...

Жаным майдай жағатын осындай жағымды сөз жақында ғана тағы да бір жадыратты. Көзге ыстық, көңілге жылы өр Өсектің батыс беткейі. Өзен жағалай қоныс тепкен қос ауыл: Қызылеспе мен Талдының ортасы. Жаркент-Арасан жақтағы әйгілі Әулиеағаштың тұсы. Биік төбені ықтай салынған үлкен қыстау, қазіргіше айтқанда «раскошная фазенда». Ел егемендігінің мерейтойын тойлап, мерекелік көңіл-күймен келген бізді қақпа алдынан жасы жетпісті желкелеп қалса да жүріс-тұрысы ширақ, жүзі жарқын, үні айқын бір қария қарсы алды. Бұрын-соңды көрмеген адаммын. Осында бастап келген досым Жұмағазы мені – оған, оны – маған қысқаша таныстырған соң табалдырық аттадық.

– Е-е, әкім мырза, со-олай де, – деп Ығиса ақсақал кеседегі шайын бір ұрттап Жүкене мағыналы түрде бажайлай қарап алды да, маған бұрылды. – Інім, сен осы бұрын біздің Еңбекшіден көшіп кеткен Бегімбетовтердің тұқымы емессің бе?

– Иә, әке-шешем ертеректе осында тұрса керек. Бірақ, мен ол кезде өмірге де келмеген екем, – деп күлдім қаннен-қаперсіз. Сол-ақ екен, үй иесі енді мүлдем үстемсі сөйлеп кетті.

– Әй, – деді менің бет-бейнеме бажырап қарап. – Жаңылмасам, Нұртілеу қарияның ұлысың-ау деймін.

–И-иә,–дедімтұтығып.–Қайданбілдіңіз?

– Е-е, білмегенде ше? Біраз ғана бірге жүрсек те етене араласып ек әкеңмен... Тұр-тұлағаннан бірден байқадым. Оның үстіне біздің «пәмит» әлі сыр бере қойған жоқ, бала, – деп масаттана миығынан күлді де: «Иә, Нүкен нағыз азамат еді-ау!» деп жеңіл күрсініп қойды.

Жалпы, жарғақ құлағыма жағып кететін бұндай жылы сөздер ілезде ыпыстық леп боп бойыма тарап, бүкіл жан-жүйемді баурайды. Еріксіз ет жүрегім езіліп, өткен күндер елесі еміс-еміс көз алдыма келе бастайды. Көңіл көкжиегінде алдымен атамның айбынды келбеті пайда бола кетеді: екі ұшынан қызғылт нұры тамырлана тарамданған ақсары жүзі айрықша арайлы. Анда-санда ашуланғанда арасы қосылып кететін қос қабағы да тым жайдары. Қарашығы айқын көкшіл көздері шуақ төге қарайды. Күмістей аппақ шаштары ақшақардай жылт-жылт етеді. Сүйірлене біткен қыр мұрнының астындағы бурыл мұрты тікенектей тікірейіп, айбатын тіптен асырып тұр.

(Жалғасы 6-7 бетте)

(Басы 1-бетте)

Абай мұрасын зерттеуші, фиология ғылымының докторы, академик Зәки Ахметов Абай Құнанбайұлының 2002 жылы Алматыдағы «Жазушы» баспасы шығарған шығармаларларының екі томдық толық жинағының 1-ші томына жазған «Кемел ақын, кемелгер ойшыл» деген мақаласында «Абайдың қоғамдық, эстетикалық, философиялық көзқарасын, психологиялық және педагогикалық пікірлерін, ақындық тілін, композиторлық өнерін, аудармалар тобына қосылып жүрген өлеңдерін тереңдеп тексерген еңбектер жарық көрді» деп салалық білімдердің соңындағы ұрпаққа орасан зор мәдени мұра қалдырған ақын әлемін Абайтанушылардың зерттей отырып, зердеден өткізіп жатқандығын атап көрсетеді. Бұл заңды да.

Әйтсе де, осы зерттеу мәселесіне келсек Абайдың шығармаларына тарихи көзқарас тұрғысынан да көңіл аударып зерделеу, талдау қажеттілігі туындайды. Ақын өлеңдерінің мәніне үніле көз жіберіп, тереңдеген сайын Абай өмір сүрген кезеңдердегі болып жатқан күрделі оқиғалардың хронологиялық тізбегі суреттей тізіліп өте береді. Ақынның жазған өлеңдерін өз атынан шығара бастаған 1886 жылдан кейінгі өлеңдерінде түсіне білген адамға өтіп жатқан тарихи оқиғалардың шет-жағасы сипаттала бастайды. Ресей патшалығы қазақ жерін отарлауды 18 ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап 19-шы ғасырдың 60-шы жылдарының соңында түгелдей аяқтағаны белгілі. Қазақ даласын «бөліп алда билей бер» үрдісімен хандық билікті жойып өз билігін өзгеге бергізсе, отаршылдыққа қарсы наразылықтарды, көтерілістерді талқандап, басып-жаншылды, елді тұқыртып алған соң ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап басқаруды оңайлату үшін губернаторлыққа, облыстарға, уездерге бөліп сыыр бүйрегіңдей бөлшектеп тастады. Осындай күрделі тарихи оқиғалардың, яғни патша өкіметінің жүргізіліп жатқан қазақ жерлерін басқару реформаларының салқыны Абай шығармаларынан көрініс табуы ақынның өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы дүрбеленді өзгерістерге бейжай қарамай, оның салдарын ашып беріп отыруымен құнды. Өлеңдерінде заман ағымындағы оқиғаларға тарихи жағынан келіп, арнайы сөзбен тоқталып, оның сипатын ашып кетіп отыратындығы сондықтан. «Орыс сияз қылдырса, Болыс елін қармайды. Ку старшын, аш билер, Аз жүрегін жалғайды». Сәл көңіл қойып зерделесеңіз, ел іші аласапыранға толы сияз шақырылады, төменнен бастап болысқа дейін дауыс алу үшін жұртты өз жағына шығаруға шақ-шәлекей әрекет қылады. Сайлау арқылы құлқынын ойлап қалған билер жұртты біреуге жығып беру үшін басқалардан пара демедейді. Ең болмағанда ауыл басы болғысы келгендерде қара құйынның ішінде дауыс алуға ұмтылып жүр. Ақын айналасындағы жүріп жатқан талас-тартысты, дау-дамайды, билеп-төстеушілердің іс-әрекетін, осы өлеңнің өзегі етіп алынған тарихи фактіні «сайлауды» алға шығарып тұр.

Ақын өлеңдерін ой сүзгісімен екшей келе Абайдың өзі өмір сүрген заманының жылнамашысы әрі өлеңмен танбалап кеткен тарихшысы деп батыл баға беруге болады. Әр жылдардағы өлеңдеріне тоқтап тереңінен ойласаңыз заманның қай арнаға түсіп қалай жүріп келе жатқанын хабар береді. Жазылған шығармаларында Абай заманындағы қазақ халқының өмір сүру шындығы ашық айтылса, екіншіден, шетел отаршылдарының қазақ қоғамына келтірген зиянын, қазақ ортасында құлық-сұмдық, алдау-арбау, көрсекқырлық т.б. жағымсыз мінез-құлықтардың өзрігенің оның былайғы қарапайым жұртқа әрқилы зиянды әсері көрсетіледі. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп келетін өлеңінде бұрыннан қалыптасып қалған қазақ қоғамындағы өмір сүру салтының бұзылғандығын «сапырылысып», әркімнің елге тұтқа болғысы келіп босқа сабылып жүргенін сөз ете отырып «енді басыннан еркін кетті» деп тоқталады. Жұрттың ауызбірлігін ұстап қаларлық ата жолы дәстүрі теріске кетіп, патша өкіметі билеушілері тарапынан елдің басын біріктірмейтін әрекеттердің жиі өткізілетін әртүрлі сайлаулардың, айрандай ұйыған ауылдарды жіліктей жіктеген ұстаныммен жүргізіліп жатқанын бағдарлап отыр. «Болды да партия, ел іші жарылды» деп орыстың билік басындағыларының ру араздығын қоздырып, ел арасына шар тастау арқылы дау тастап ымырашылығын

АБАЙ АРҚЫЛЫ ТАРИХТЫ ТАҢУ ЖАЛҒАСА БЕРМЕК



кетіріп, ұйымшылдығын бұзып, қазақтың келешегіне іріткі түсіріп жатқанын ашып айтады. Ағайын-туыс арасында бәсекелестік, көре алмаушылық, паракорлық сияқты келеңсіз істердің белең алып бара жатқанын, кей шақта осы көріністердің тереңдей түскенінен хабардар етеді. Тарихи, бұлжымайтын фактімен сөйлейді.

Ақын ойын, айтарын басқалар сияқты атты, асты, шапты демейді. «Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырықын» деп ызалана, кектене жеткізеді. Ұзақ жылдардан кейінгі патша отаршылдарының мақсатқа жеткенін өз жұртына құлдық қамыты кигізілгенін түйіп қояды. Абай қазақ даласын әуелі әскери күшпен, одан соң әртүрлі заңдар шығару арқылы халықтың еркін тұмшалап жатқанын сезді. Өз билігіне бас идіріп келе жатқан патша билеушілерінің отарлық саясатын күнделікті тірлік барысындағы жүріп жатқан, жүргізіліп жатқан істерден, әрекеттерден өкімет орындарының шығарған заң, ережелерінен аңғарды. Танысып та отырды. Ақынның басылып шыққан құжаттармен жұмыс жасауына сауаты да жетіп артылатын. Қазақ даласын билеуді жаңа жолға қойған патша өкіметінің 1867 жылғы 11-ші шілдедегі «Сырдария мен Жетісу облыстарын басқару туралы уақытша ереже» мен 1868 жылғы 21-ші қазандағы «Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарын басқару туралы уақытша ереженің» талаптарымен жақсы таныс болғаннан соң ғой, қазақтардың еркін шектелгенін «өз ырықмен ешнәрсе бітіре алмайтынын, күштілері сөз айтса бас иез», барлық істің патша билеушілерінің айтқанымен болатынын мензеп, ел билесең де өзгенің итаршысың дегенді де естеріне салып отыр. Өлең ақынның кемеліне келген шағында, 1886 жылы 41 жасында жазылған. Абайдың өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы әділетсіз құбылыстарға көзқарасының қалыптасуына патша өкіметінің жүргізіп отырған саясатына наразылық көрсетіп жер аударылып келген әр ұлттың саяси топтарының өкілдерінің де пікірлері де ықпал етті. Абай Құнанбайұлы 1878 жылы Семейде ашылған облыстық статистикалық комитетке мүше болып, кейіннен толық құбылыстардың сырын ашуға өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы әділетсіз құбылыстардың сырын ашуға өзге бір қырынан ой жібереді.

Заманынан озып туған Абай шығыс, орыс және Еуропа ақын, ғұламаларының еңбектерін оқу арқылы дүние пайымын кеңейте түсті. Абайдың әлем таныған әдебиет пен мәдениет өкілдерінің шығармалармен сусындауына 1883 жылы Семей қаласында көпшілікке арнап ашылған облыстық кітапхананың зор көмегі тиген. Семейдегі оқу орындарында білім алып жатқан балаларына келгенде кітапханада отырып

жұмыс жасаған. Осы 80-жылдар ақын өміріне зор шығармашылық өрлеу әкелген уақыт деп санауымызға тура келеді. Әрі қоғамдық-саяси істерге де араласа бастаған. Мұны ақынның 1886 жылы Қазан университетінің баптасынан шыққан кітабына қарап бағамдаймыз. Тарихи тұрғыдан алып қарағанда, 1885 жылы жазылып Семей облыстық әскери губернаторының ұсынысымен мамыр айында шақырылған билер сиезіне 100-ден астам би қатысып талқыланып барып бекітілген «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесі» Абайды «қазақ әдет-ғұрып заңдарының тұңғыш реформаторы» деп толық санауымызға болады. Қазақ даласындағы басқыншылық билігін тұрғылықты халықтың кейбір мүдделерімен сәйкестендірмей белгілі бір нәтижеге жете алмайтындығын түсінген патша әкімшілігі Абай жасаған, билер мақұлдаған «Ережемен» еріксіз келісуіне тура келіп оны қолданысқа жіберді.

Өз халқының өмір тіршілігі оқу-білімге, өнерге деген енжарлығы, бойкүйездігі, еңбек етуге құлқының жоқтығы мінез-қабілетінің өзгеруі толғандырады, ойға тартады. Тумысынан данышпан жанға «Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып, Ку тілмен құлық сауған заңы құрсын» дегізеді. Бұратана халық деп мұрнын шүйіре қараған патша өкіметінің шенеуніктерінің алдына қойған мақсаты қарапайым халықты тек талап-тонау екендігін де көреді. Шығарылған заң ережелерінің біржақтылығын күштілердің өктемдік сойылы қызметін атқарып тұрғандығын, тек соларды қолдайтынын айыра біледі. Екі қазақ дауласа орыс шенеунігінің параны қай жағы көп берсе екіншісінен соған жығып беретінінде анық айтады. 1900 жылы жазған «Үкімет билігіндегі Сенатқа шағым пікір» мақаласында ашына жазып отырып өзінің құқығы қорғалмай зорлық-зомбылық көрсеткен адамдардың жоғарыдағыларға пара беру арқылы жауаптылықтан құтылып кеткендігін, сот, тергеу орындарының істі бұра тартып отырғанын, бұл жөнінде заңның әлсіздігін ішінара айтып та кетеді. Патша өкіметінің қазақ даласын билеу туралы шығарған заңымен ережелерін шала – пұла естіп алып, соған сүйеніп өз мүдделерін көздеп, бұрып пайдаланып жүрген бай, болыс, атқамінерлердің елге жасап жүрген зорлық-зомбылықтарын көрсе де көрмегендей болып сырттай құтыртып отырғандардың өзі сол орыс шенеуніктері екенін «Құтырды көпті қойып аз ғанасы, Арызшы орыс – олардың олжаласы. Бірде оны жарылқап, бірде мұны, Қуды ұнатты-ау Семейдің бұл қаласы» деп ашығандығы сол билеуші патша өкіметінің шығарған заңының да түптеп келгенде солардың ғана мүддесін қорғалатынын қазақ үшін солқылдақ, пайдасыз екенін айтады.

19-шы ғасырдың соңындағы қабылданған отаршылдық реформалардың бірінде 1889 жылғы заңда қоныстанушыларға үлкен жеңілдіктер жасалғандығы, әсіресе, 1891-ші жылы шығарылған заңдағы мыңдаған жылдар бойғы байырғы тұрғын халықтың жері «патшаның, мемлекеттің меншігі» болып жарияланып қазақтардың құқығының шектелуінен туындаған даулы мәселелер де ақынның назарынан тыс қалмай, өлең жолдарынан көрініс береді. Халқының келешегінің қалай боларын ойлаған ақын жұртының әлі өзгеріс еніп жатқан

заманның кезінде өнер білімге қол соқпай «шуылдақ» күйінде жүргеніне «Ауру жүрек ақырын соғады жай, Өз дертін тығып ішке, білдіре алмай» деп күйінеді. Ел басқыншы жұрттың шылауына түсті, басынан билігі кетті, табанының астындағы басып жүрген жерсуы да қойқандап жүргенмен қолдарынан сусып, уысынан шығып кеткен, отбасындағылардың да берекесі ұшып, балалары ата-ананың ықпалында емес. Абайдың «Жүрегім менің қырық жамау, Қиянатшыл дүниеден» деуі әрнеден көңілі шайлығып десі қайтқаннан, ақынның ішкі жан қиналысынан туған өлең деме-ске лажыңыз жоқ. Ақын өз өлеңдерінде әлеуметтік өмірдегі санқилы жағымсыз құбылыстарды ашы шындық тұрғысынан тура шаншып, оны жасап жүрген адамдардың «өзінде ой жоқ, басында ми жоқ, күлкішіл кердең наданның» деп баса айтып мысқыл, әжуа түрінде де келтіріп, шаншудай қадалатын өткір сөзі арқылы қандастарының ойын оятып, санасына оқу, өнер, ғылым-білім сәулесін түсіруге тырысады. Бұратана халықтың балаларының сауатын ашу арқылы христиан дінін қабылдауға дайындау мақсатында миссионер Н.А.Ильминскийдің ойлап тауып енгізген «Ильминский жүйесі» патша өкіметі тарапынан мақұлдау алып оған үлкен қолдау көрсетілді. Осындай белгілі миссионерлік бағыт ұстанып ашылған татар, чуаш, удмурт жерлеріндегі діни мектептер патша үкіметінің үмітін ақтап аз уақыттан соң өз жемісін бере бастады. Ашылған мектептердің шәкірттері бастауыш сыныптардан-ақ шоқындырылды. Жоспарланған кезекті жерлердің бірі Қазақстанда осындай мектептер 1883-жылы Орал-Орынборда қазақ балаларын оқытып мұғалімдер дайындау үшін деп ашылды. 1870-1880 жылдары патша үкіметі солтүстік өңірдің жеті-сегіз қаласында қазақ халқынан алынатын салықтың есебінен ұсталатын осындай мектептер ашып, жергілікті ұлт өкілдерінің балаларын оқуға тарта бастады. Отаршыл үкіметтің көздегені жергілікті жұртты сауаттандырайын дегені емес, ойлағаны бағыншыларды басқару тетіктерін жетілдіру жұмыстары үшін тілмаштарды, ұсақ салық қызметкерлерін, көшірушілерді, әртүрлі төмендегі деңгейдегі шенеуніктерді дайындап шығару болатын.

Жаңашылдыққа ұмтылыс ақынға тән нәрсе еді. Алғаш ашылған оқу орындарына түскен балаларды Абай сол мүмкіндікті пайдаланып білім алып, оны ел қажетіне пайдалануға үгіттейді. «Интернатта оқып жүр, Талай қазақ баласы» деп бастап, «ғалым болмай немене, балалықты қисаңыз» деу арқылы алдында үлкен ғылым жолы тұр, бел шешіп айнамай соған түс, түбінде дүние де өзі, мал тауып бай болу да осы білімде жатыр дегенді айтады. Солай үгіттей отыра патша билеушілерінің кімді дайындап шығаруға бейімдеп жүргенін де ескертіп, олардың түпкі ойынан да хабардар етеді. Ұлықтардың, олардың ұстанған мақсаттарын өлең арасында шәкірттердің ауыздарына салып, осы арқылы оқырманға ашық білдіреді. «Я тілмаш, я адвокат, Болсам деген бәрінде ой». Әрине бұл мақсаттар отаршылдықтың екен жемісі. Оны мен солын енді танып келе жатқан шәкірттерге Абай ақыл қосады. Бірақ, сен олардың айтқанын істеме, туған халқына қызмет жаса дейді. Абай өзінің өлеңдері арқылы ескі ұғымды олардың ойларынан серпіп тастағысы келіп кейде қамқор болып, кей жерлерінде батырыңқырап жазып тастағаны сол.

Ұзақ жылдар бойы Абайдың жанында болған талантты досы, ақынның мұрасын жинақтауға көп еңбек сіңірген ақын Көкбай Жанатайұлы бір өлеңінде: «Абай марқұм ескіге ермеуші еді, Ескіні онша жақсы көрмеуші еді. Жанадан төте жолмен оқу шықса, Сол қашан келеді деп шөлдеуші еді» деп оның жаңалық атаулыны елге келер жақсылықтай күтетіндігін білдіреді. Қазақ қоғамының басына қанжар бұлттай төнген тарихи қиын-қыстау кезеңнің жылнамашысы бола білген данышпан Абай артағы ұрпағына, зерттеуші мұрагерлеріне өшпес мәліметтерді өлеңмен қалдырды. Абай салған қазақ халқының тарихын өлеңмен көрсетудегі өнегелі салт-дәстүрді ұстанушылардың бірнеше ұрпағы өсіп шықты. Абай сияқты ұлы ақыннан бастау алған әдеби өлең-жыр арқылы тарихты тану әлі жалғасып келеді.

Молот СОЛТАНАЕВ,
«Жаркент айнасы»
газетінің Бас редакторы.

БӘЙДІБЕК БАБА*(Баба зиратының басында)*

Бабам-ау, бабасының ұлы жүздің,
Нұрысын жарқыраған жүзіміздің.
Қазақтың ұлан-ғайыр даласында,
Дөп басқан табы жатыр ізіңнің.

Тусаң да Ташкентте Қарашадан,
Талатыңмен боп өстің тамаша адам.
Еліңе жайлы қоныс іздедің де,
Қаратауға кеп өсті бала-шағаң.

Басыңа байлық бітті төрт түліктен,
Тіл табысып бірге өстің көпшіліктен.
Арғын, Қыпшақ, Қоңырат,
Наймандармен,
Жасадың қарым-қатынас елшілікпен.

Биі елдің, елің сені хан сайлады,
Бейбіт өмір сүрді жұрт сан сайдағы.
Бірлікке ел шақырып одақ құрдың,
Орта Азия қосылды бар аймағы.

Жайылып бөтен елге әділдігін,
Бәрінің араласып бабын білдің.
Халқыңа жайлы ғана хан болдың да,
Еліңді ақыл-оймен бағындырдың.

Ақылшың мақсым Ағзам болды имам,
Харамдық ел ішінде жолды тыйған.
Күмбезін жасау үшін Яссаудің,
Ақсақ Темір жар салып елді жиған.

Көмекті аямадың Яссауден,
Басыңды өзің едің баса иген.
Бергіздің құрлысшыға қымыз-қымыран,
Ірімшік, құрт-майыңды жасап үйден.

Тыныш жатқан еліңді тау-шатқалда
Тұйықсыз кеп қатыгез жау шапқанда.
Атқа қондың сарбазды өзің бастап,
Мұндайда батыр адам жай жатқан ба?

Күйіктің шайқас болып асуында,
Жаулардың жатты батып басы мұңға.
Ойландың өжеттікпен күндіз-түні,
Дұшпаннан өз айлаңды асыруға.

Қайтпадың айырылсаң да алты ұлыңнан,
Жол таптың жеме-жемде жалпы тыңнан.
Жаулардың тас-талқанын шығарғанда,
Тазарып қалды халқың мүлде мұңнан.

Қорғадың кең даланы батырлықпен,
Арманың орындардың халқын күткен.
Мәртебен көтеріліп күннен-күнге,
Көріңді өз еліңе жарқын тіптен.

Кетсе де қанша ғасыр жылжып өтіп,
Ұрпағың кең даланы жүр гүлдетіп.
Инженер, ғалым өсіп таңғажайып,
Өзіңе ақын жазды жыр гулетіп.

Мөлдіреп жатыр ағып Балабөген,
Құлпырып көз тартады дала деген.
Күмбезінді көруді арман етіп,
Ақ ниетін Байсуанның ала келгем.

Таза ауасын жұтып мен қыр таңының,
Иісін искем көп тердім қырқа гүлін.
Тағзым еткен киелі зиратыңа,
Тараған бір өзіңнің ұрпағыңмын.

Қорғап-қорша пір бабам Бәйдібегім,
Дерек білмей өзіңнен қайғылы едім.
Қастерлі қасиетіңді келеді енді,
Ән-жырмен бар әлемге әйгілегім.

ТУҒАН ЖЕР

Төгілген бір өзіңде кіндік қаным,
Шілде де аттырыпты жыр қып таңын.
Жайлаудың жұпар иісін тұңғыш жұтқам,
Ашқанда қазақ үйдің түңлік бауын.

Көк майса шалғынына аунап өстім,
Жарқ еткен жалынындай лаулап кештің.
Асыр сап, тай қып мініп көк талыңды,
Жеткізбей қырқанды асып зулап кештім.

Мөп-мөлдір қанып іштім бұлағыңнан,
Бұлақтың үні кетпес құлағыңнан.
Шапқанда өзім мініп қуанды әкем,
Бәйгеден келген кезде құла құнан.

Тоқбай ИСАБЕК:

Айналам сөле шашқан ақ таңымнан...



Қашқаннан озып шықтым қусам басып,
Болғандай көрген құрбым мың сан ғашық.
Қозы бағып кешкісін оралғанда,
Келемін боз даладан жусан сасып.

Қой бақсам табанымды тасың тілген,
Көбелек қуып белден асырдым мен.
Беткейден теріп жейтін бүлдіргенді,
Жауып ап шалғынымен жасырды іргем.

Құмыңнан сағыз алдым қазып тұрып,
Сордым мен қымыздықты азық қылып.
Қайтейін бал дәуренім қол жеткізбей,
Қойдың ғой есейгенде зарықтырып.

Аралап ойын-қырын шатқалынан,
Байлықты көзбен көрдім ақтарылған.
Таңсәриде тұрып ап көк қырқада,
Айналам сәуле шашқан ақ таңымнан.

Сен менен еш нәрсені аямадың,
Шаршасам демімді алдым сая бағым.
Дүниеде сенен басқа тірегім жоқ,
Балаңмын құшағыңа ап аялаған.

СЫРЛЫ ДҮНИЕ

Өмірде не білесің үңілмесең,
Байқандар кететінін түбінде есең.
Ғажайып жатқан мынау сырлы дүние,
Сияқты тұнба алтын түйіндесең.

Жатып ап маңғазданып сырын шашпай,
Қойған ғой сыр сандықтың бірін де ашпай.
Сырына сырлы дүние қана алмайсың,
Су кешіп, батпақ басып, қырын аспай.

Осылай қалғып-мүлгіп талай ғасыр,
Келсе де бермеген ол талайға сыр.
Сырын аш дүниенің деген бабам,
«Сөзімді ұрпақ іске қалай да асыр»

Өмірге алдық әбден ғашық болып,
Іргеміз жатса-дағы қашық қонып.
Жайлауға белестерден асқанда жұрт,
Арнаға сыймай жатыр тасып толып.

Неткен мол бұл өмірдің шаттықтары,
Қуаныштан көңіл бір бастықпады.
Жер емес, ғарышқа ұшып кеңістіктің,
Ғажайып құпиясын аштық тағы.

Сырына мейірі қанар сусындаған,
Адамды өмір өзі шын шындаған.
Мұхиттан терең сырлы дүние өзің,
Көрініп оттай ыстық тұрсын маған.

Жазыңда өмір сенің күлімдедім,
Басқанда мәпелеген гүлің бе едім?

Бір өзіңнің арқанда алшаң басып,
Дүрсілдедім, келеді дүрілдегім.

БІЗДІҢ ШАЛДАР

Жатсынбайды біздің шалдар ешқашан,
Сәлем бере ерте әлде кеш барсан.
Елжірейді ет жүрегім менің де,
Қайырымды қарияны еске алсам.

Жайлап қана шежірені шертеді,
Әрбір сөзі жанды баурап елітеді.
Сөздерінде қорғасындай салмақ бар,
Толқи ма әлде оны өзі біледі.

Сырлы өмірі жазылмаған бір дастан,
Соғады оның жүрегі ел деп тынбастан.
Қартайғанда қайта көңілін жасартып,
Заманымен болып алған сырлас жан.

Қар жастанып кезі келсе мұз кешкен,
Нағыз қыран көкте қалқып түзде өскен.
Қиындықтың қанша түрі болса да,
Қас батырдай бетпе-бет кеп жүздескен.

Дұшпанменен қасарысып белдескен,
Шығармастан жері менен елді естен.
Туған елге жарық дүние орнатқан,
Өз намысын қас жауына берместен.

Біздің шалдар іні-келінді,
Сөздерінен өрелі ойлар өрілді.
Сырласа алсақ табар едік жанға азық,
Жетіспейтін жақтарымыз көрінді...

Қиындықты бәрін бастан өткерді,
Жақсылықты, жамандықты көп көрді.
Шежіре шал азаймасын, о, достар,
Аялап бақ жан аямай төк терді.

АРҚАСТАУЫМ

Жөңкіліп Арқастауым жатқанында,
Ғажайып сыр тұнып тұр-ау қатпарында.
Қойны толы қазына ашылмаған,
Кезім келді оны мен ақтаруға.

Асыр салған марал шатқалында,
Мыңғырған мал өреді қапталында.
Жайқалған жасыл арша беткейдегі,
Тастардың гүл құлпырған жақпарында.

Қар жатыр шың басында мәңгі ермей,
Қартайды жабырқаңқы қам көңілдей.
Қондырып көшпе бұлтты қонақ жасап,
Ашылып сырласады таңға ерінбей.

Найза шың тілдеседі зеңгір көкпен,
Моншақтай сезімдері мөлдір неткен?!
Қоныс бермей қуғанда қара дауыл,
Көшеді түйе бұлттар мол дүрмекпен.

Бұлақтар құлай аққан сылдыр қағып,
Су ішті арқар, киік бұл бір қанып.
Сырласып ақ айдынмен тебіреніп,
Ақ қайың арудайын тұрды ырғалып.

Күн сүйген таңнан тұрып шың-құздарын,
Көк аспан жасырғанда жұлдыздарын,
Еңбектің бәйгесіне ерте тұрып,
Туған ел түгел қосқан ұл-қыздарын.

Жатады күн нұрына балқып күнге,
Шыңыңда қыран ұшқан қалқып күнде.
Қиырдан көзді тартқан Жоңғарымды,
Қайтейін шабытпенен шалқып сүймей.

Төскейінде туғанмын тау ұлымын,
Бейнем де дәл өзінен айнымаған.
Бойыма күші дарып дауылының,
Жасымнан жуымады қайғы маған.

Жаныма жарқылдаған жалын құйып,
Сіңірген сыршылдығы өн бойыма.

Қалғандай бар жақсылық қанымда ұйып,
Асылы жинақталып келеді ойыма.

Қазып бір қойнауынан алшы бүгін,
Жасырған ғасыр бойы қазынаны.
Өмірдің паш еткендей бар шындығын,
Жырларым пәк жүректен жазылады.

Ұқсаған маңдайдағы қатпарым да,
Сияқты ғасыр сырын жинақтаған.
Қалың ой маза бермес жатқанымда,
Көз ілмей жақұттарын жинап бағам.

ЖЫР АРҚАУЫ – АУЫЛЫМ

Таптамаңдар ауыл гүлін,
Туса-дағы дауылды күн.
Келе жатыр көтеріп мол,
Бұл өмірдің ауырлығын.

Тұзу шығып түтіні оның,
Алсын еркін жіті демін.
Береке орнап, ырыс толған,
Бақ дәулетті құтым менің.

Күндіз-түні еңбек қызған,
Аймалайды жел кеп құздан.
Келсең өлі бәйек болып,
Дастарқаннан дәм татқазған.

Дүрілдеген той-думаны,
Ұйықтамайды ой қуғаны.
Бақта діріл, қырда дүріл,
Маза бермей қойды маңы.

Көк тіреген зәулім үй,
Тынбай шерткен ауылым күйі.
Таң бозынан қырға аттанған,
Еңбек сүйгіш қауымын сүйі.

Дәнді тасып күнде қырдан,
Толған дөңге күзде қырман.
Көк пен жерде жұлдыз жанып,
Түн күндіздей жайнап тұрған.

Жалыңдаса ұл-қыздары,
Қатал қыстың сынды ызғары.
Мейрам күні кеудесінде,
Жарқырайды жұлдыздары.

Сияқты ел туыс-туған,
Өткен талай дұрыс сыннан.
Кейде аймалап кеткім келер,
Ауылымды ырыс тұнған.

Көзді тартып тұрар тауы,
Мың құбылып гүл алқабы.
Менің ауылым мәңгілікке,
Жырланатын жыр арқауы.

КЕЛІНШЕКТАЛ

Көзіме түскен осы тал кешеден,
Бой көрсетіп көрінді әр көшеден.
Қымызхана төрінде келіншекке,
Ұқсаттым қымыз берген бал кесемен.

Өсіп барып биіктеп қайта иілген,
Төмен шашақ түйілген әр түйіннен.
Билеген келіншекті тербелгенде,
Жібек жел дөңгелетіп қой үйірген.

Келеді дем алғың да саясында,
Төгіп тұр күн сәулесін аясына.
Мәуітіндей құбылып төгіледі,
Жиһазды бөленгендей бар асылға.

Жүйіткейді мөлдіреген көлде қайық,
Дем алыс орын сынды елге лайық.
Қос тал тұр осы көлдің ортасында,
Құшағы келгендерге күнде жайып.

Талдың да ұқсағандай төсі аққуға,
Керемет көз тартады кесек тұлға.
Қос талды көлде өскен мың бұралып,
Ұқсаттым жүзіп жүрген қос аққуға.

Жұрт мұны деп атапты «Келіншектал»,
Жанға ұқсатып келгенде берімсек бал.
Қолын бұлғап шақырып алатындай,
Қырқадан қылаң беріп көрінсек сәл.

(Басы 1-бетте)

Арғы бетте Алатау аймағы аталған Арқас тауынан бастау алған Кеген өзенінің шығыс жағындағы Жалағаш** деген қонысын мекендеген екен. Таудың Арқас атауы, менің пайымдауымша, Суан тайпасының «Дай» тармағынан тараған 28-ші ұрпағы Арқас атамның құрметіне қойылған деп түсінем. Төрінде Арқас тауы асқақтаған Алатау аймағы біздің бабалардың табанының ізі сайрап жатқан байырғы Суан тайпасының мекені екені тарихтан белгілі.

Ұрпақтар сабақтастығы желісіне үйілсек, Туматай бабамыздан жалғасқан батылдық қасиет, шешендікке ұласқан алғырлық пен тапқырлық қабілеттер әсте толастаған емес. Қоғамдық формация өзгеріске ұшырап, қазақ қауымына тән шешендік институты биліктен ығыстырылғанда, Жақыбай атамның соңғы билікті жүргізіп, екінші ұлы Нұрғалиды болыстыққа өткізіпті. Осылай Совет Одағы құрылып, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан билік институты мен өмір сүру әдет-әдептері үлкен өзгерістерге ұшырайды. Осы алмағайып дәуірде Жақыбай бидің ауыл қамқоршысы болған қайраткерлік қыр-сыры ашылады.

Мұхтар Әуезовтің: «Құнанбайдың кім болғанын білмесек, Абайдың кім екенін білу қиын» дегенін ескерсек, Төрехан атамның әкесі Жақыбай Туматайға билік жүргізген шешен ғана емес, қарымды қайраткер, әрі өнерлі жан болған. Жақыбай бидің ел басқарудағы сара жолын екінші ұлы Нұрғали жалғастырады, ал әулетке тән өнерге деген құштарлықты жалғастырған төртінші ұлы Төрехан атамның екені. Арғы беттегі Алатау аймағында Төрехан атам адуынды айтыс ақыны ретінде танылған. Домбыра құлағында ойнаған өнерлі болыпты, құлаққа әсерлі әсем даусымен ән айтып, домбырасымен күмбірлетіп күй шертеді екен.

Бабалардың тәлім-тәрбиелік ықпалын пайымдасам, оның көпқырлы мәселе екені шүбәсіз. 1855 жылғы «жұт» жылынан басталған алмағайып заманды Салпық дәуірі деп болжасақ, 1881 жылдан кейін шекара белгіленіп, ел бергі бетке қоныстанып, мамыражай тірлікке бет бұрған заманды /1900 жылдардан бастап/ Жақыбай дәуірі деп те анықтасақ болады. Әкелі-балалы екі би екі түрлі дәуірдің өкілдері болып табылады. Төрехан атам болса бабақоныс Белжайлауда өмірге келіп, атажұрт «Әулиеағаш» маңайын мекендеп, Советтік дәуірдің қыспағынан өтіп, арғы бетке байырғы атамекенге тұрақтайды. Сөйтіп, баба-ата-бала легі заманның үш түрлі кезеңінде өмір сүрді. Былайша айтқанда, баба мен ата байырғы қазақ қауымының арты болса, балалары – жана қоғамдық қауымның өкілдері еді.

Атамның азаматтық бейнесін сомдау барысында, атқамінерлер қосынын бөле жарып қарастырғанды жөн санадым. Салпық би бастаған, Жақыбай би жалғастырған дәуірдің адамдары қазақтың далалық даналығына жетік, салт-дәстүріне жүйрік тобына жатады. Олар қазақтың байырғы жол-жоралғысына қанық еді. Төрехан атам тәлім алған ұстаздар да осы игі жақсылар болды. Екінші қосын атқамінерлердің жаңаша тобы. Бұл топты ел «игі жақсылар» емес «шолақ белсенділер» деп атады. Мұхтар Әуезов айтқандай, олар отаршылық жүйенің өнімі, сол себепті «нәрсіз» топ болып саналады.

Ел жадында сақталғаны – Жақыбайдың балаларына үлкен сенім арта отырып, «тегіне тарт» деген өсиет сөзі:

Бабан асқар тау болса, сен шоқысың.

Таудан шоқы озбайды, ол өмірлік шын.

Әкең асқар тау болса, сен ормансың,

Орман тауға жарасар, оны қымтап тұрғасың.

Бабан сенің телегей теңіз болса тулаған.

Ұят шығар теңізден бұлақ болып тумасаң.

Бабан сенің өтсе егер тұлпар мініп, ту ұстап.

Елің үшін, жер үшін, ерекке жок тұрыспақ.

Шындығында, Жақыбай атам бабасының игі ісін жалғастырған, өз дәуірінің ақылды, көрген адамдарының бірі болған. Сондықтан да, ұрпағының рухы биік, «табаны таймай» елі үшін «ту ұстап, тұлпар мінгенін» армандаған асқақ жан болыпты. Аласапыран кезеңде де ұрпақтары әке аңсаған арман үлесінен шығып, сенімін ақтады. Нұрғали Совет үкіметі келгенше болыс болды, Жаркент уезінде /табиғат қорғау қоғамы/ басшылық қызметтер атқарды. Арғы бетте ауылына зәңгі, сонан соң ауданға ақалақшы болды. Ерғали Жаркент уездік жастар қоғамының хатшысы болған.

Төрехан атам өнерпаз болған екен, Алатау аймағына ақындығымен атағы шыққан «сегіз қырлы, бір сырлы» сері жан болыпты. Нұрғали қызметпен Құлжа қаласына ауысып кеткен соң, ауылдың тізгінін уысында ұстап, ел-жұртының игілігіне еңбек сіңірген қайраткерлік қабілетімен де танылған екен.

Жалпы, Төрехан атам өмірдің талқысын көп көріп, ащы дәмін татқан адам. Әрине, бейбіт тірліктің, қайырымдылықтың да қадірін басынан өткерген. Әлқисса 1927 жылдың күзінен басталады. Совет дәуірінің «шолақ белсенділері» Жақыбай биді бай болған, би болған, елді қанаған, колхоздастыруға қарсы деген сылтаумен мал-мүлкін тәркілеуге /кәмпескелеуге/ және қызмет атқарып жүрген балалары Нұрғали мен Ерғалиды «қулақтың» балалары деп ұстап, ит жеккенге жер аудармақ болады. Мұны алдын-ала сезген Нұрғали сол жылы күзде қасына Ерғалиды ертіп «Қазан көлі» арқылы арғы бетке өтіп кетіпті. Малдың иесі ретінде құжаттарға Төрехан атам жазылған дейді, өйткені жылқыны қарайтын да, жақсы білетін де атам болыпты. Сондықтан, ұжымдастыру /колхоздастыру/ науқанында Төрехан атам «қулақ» атанып, Жаркенттегі түрмеге жабылады.

Қазақ халқының тарихындағы кездесетін «ақтандық» беттерінің бірі ауыл шаруашылығын ұжымдық үрдіске /коллективтендіру/ өткізу саясаты болды. Ол кезде саяси науқан ретінде іске асырылса, соңы күрделі саяси проблемаға айналды. Осындай рахымсыз жүйенің нөкерлері де өз кезінде рахымсыз болды. Ұжымдастыру саясатына қарсы шыққандарды (астық өткізбеген, малын сойған, т.б.) аяусыз жазалады. Қит етсе оларды тап жаулары қатарына қосып, онды-солды соттап, тәркілеу науқанын жүргізіп отырды. Әжемнің айтуынша, кәмпескеге түскен жанның бар дүниесі мен үстіндегі киіміне дейін түк қоймай тартып алып отырған. Ол жұмыс әдетте кешқұрым немесе түн ортасында басталады екен.

Әсіресе орта ауқатты жандарға байланысты көп қателіктер жіберіліпті. Көпшілік жағдайда «шолақ белсенділер» оларды оңашалап, колхозшылардың жиналыстарына қатыстырмай, қулақтар мен байлар қатарына жатқызып, кәмпескеленетіндер тізіміне іліктіріп отырған. Ең

ТӨРЕХАН АҚЫН



Төрехан Жақыбай би баласы

сорақысы, орта ауқатты жандардың дүние-мүлкін алдын-ала есепке алмай, «шолақ белсенділер» ұнаған /көзіне түскен/ заттарды өздеріне алып қалып, қалғанын әкілеп колхозға өткізеді екен. Колхоз мүшелеріне бақша егуге тыйым салып, тауықтары мен сиырларын колхозға тапсыру талап етілген. Көздеріне жақсы ат түссе, сол жерде тартып алып, мініп кетіп отырған. Сөйтіп коллективтендіру нәтижесінде елге «зорлық жасау» саясаты өмірге келіп, әкімшіл-әміршіл жүйеге пәрмен беріліпті. Күштеп коллективтендіруден қорыққандар, шекара асып кетуге мәжбүр болған.

Шекарадан өтпек болғандардың барлығына «бандиттер», «елді азғырушылар» деп қараған. Халықтың ауа көшуіне, бірінші кезекте, «шолақ белсенділер» жасаған «қорлық пен зорлық» себеп болған деп түсінем. Кәмпескелеу саясатындағы бұрмалаушылықтар, жер колхозға өткен соң, кедей-кепшіктің салғырттығынан егіннің шықпай қалуы, тауығына дейін тартып алған соң, табыс табу мүмкіндігінің тарылуы сияқты себептер, әрине, халықтың байырғы атамекені арғы бетке өтуіне итермеледі.

Түлкінің құйрығындай бұлаңдаған заманда атамның арғы бетке оту хикаясы да қызыққа толы. Бірнеше мәрте түрмеден қашып шығуға ұмтылған екен, сәті түспепті. Түрмеге қамалғандардың ішіндегі ең жасы болғандықтан «қашса осы қашады» деген күдіктен мықты күзет қойған екен. Осылай абақтыда төрт жылдан астам жатыпты. «Шолақ белсенділердің» көрсеткен зорлық-зомбылығы бойынша Совет үкіметіне түскен толассыз арыз-шағымдардан соң, түрмеде жатқандардың істерін қайта қарауға, жаламен жатқандарды босатуға нұсқау болыпты. Түрмедегілерге қайта тергеу жүргізілгенде, атам жаңадан үйленгенін, өзіне тиісті бір аты бар екенін және 20 жаста сонша мол дүние жинай алмайтынын айтады. Комиссия мүшелері атамның «бай» болмағанын, шекарада әкесінің және бауырларының атылғанын ескере отырып, қолына ақтау қағазын беріпті.

Түрмеден босаған атам, Жаркент қаласынан жаяулатып атақоныс «Әулиеағаш» ауылына барып, Салпық атасының күмбезіне келіп дұға жасайды. Сол күні Салпық күмбезінің ішіне түнейді. Ондағы ниеті мына аласапыран заманда туған жерге қайта оралатын уақыт болар ма, бір күн болса да ата-бабасының, өзінің туған топырағын құшақтап жатып, еліне-жеріне деген сағыныш мауықан басайын деген ой еді. Таң қыла бер Шікіме (ШКМ – школа крестьянской молодежи) арқылы Өсекке түссе, өзімен бірге түрмеде жатып, ақталып шыққандар отын дайындап жүр екен. «Жолы болар жігіттің жемгесі шығар алдында» демекші, солардың күзетшісі Әмір Саймағамбетов деген азамат ахуалды білген соң: «сен жаяу не бітіресің, мен ана арбаға жеккен аттарды отқа қоям, сол кезді пайдалан да орысқа көрсетпей атты мініп кет, менің саған істеген жақсылығым осы, ел-жұртыңа сәлем айт» деп жанашырлық танытады.

Күндіз қалың қарағаштың ішіне жасырынып, аттарды арбадан шығарып отқа қойған мезетте, ішіндегі тәуір атқа жайдақ мініп алып, шығысқа қарай жол тартады. Талды ауылының аяғындағы өткелге жақындағанда артынан екі-үш дүркін мылтық атылыпты. Бұл Әмірдің өзін пәледен сақтап қалу үшін атқан оғы екен. Осылай, қазақ халқының бір-біріне бүйрек бұрған бауырмалдағы бір қазақтың талайлы тағдырына мұрындық болады. Этген, қазақтың барша азаматтары Әмірдей бауырмал болса ғой, қазақ ауылының іші бүлінбей, берекесі қашпай еді. Әмірдей азамат жолықпаса атам үйіріне қосылар ма еді?!

Әмір Саймағамбетов Панфилов ауданында заң қызметкері болып ішкі істер бөлімінде басшы қызметтер атқарған екен. «Көктал» совхозы директорының орынбасары, Көктал ауылдық сауда бөлімінің /СельПО/ бастығы болып Совет дәуірінде көп жыл еңбек атқарған зерделі, көпті көрген, көреген кісі болған дейді. Атама осылай жақсылық жасаған Әмір ағаймен әкем Әдепхан және ағатайым Әуелхан етене араласып, сырлас болып, өмірден озғанша сыйласып өтіпті. Әмір ағай әкеме Төрехан атамның түрмеде отырып, ақталып шыққанша екі мәрте қашып шығуға әрекет жасағанын айтыпты. Сонда күзетшілерге «анау қашып бара жатыр, сендер не қарап отырсыңдар» деп айтқандар түрмеде бірге жатқан жақын туыстар екен. Қазаққа тән пендауы іштарлық қой, өзімен аспасын деген қарау ниет. Жалпы, осы тауқымет сол жылдарғы дүйім қазақ баласының мойнына түскен қырсық еді. Ол дәуірде Төрехан атам сияқты «көретін күні, тататын дәмі бар» адамдар ғана аман қалыпты.

«Әкеден пұл қалғанша, ұл қалсын» дегендей, қиын қыспақта аман қалған атам арғы бетке өтіп, Жақыбай әулетінің тірлігіне қан жүгіртіпті. «Екі тау қосылмаса да, екі

ел қосылады» деген сөзге құлақ ассақ, өмірдің өткелектерін бастан кешкен Әмір ағайдың ауылы да Арқадан осы өңірге ауып келгендер екен. «Кімнің айыл-тұрманын түгел қылған» деген сөз осындай кезеңдерде айтылған болар.

Қазақ халқы ежелден жылқы түлігін қастерлеп, «төрт түліктің басы» деп ардақтаған. Осы бір қасиетті түліктің атам үшін орны өте ерекше. Қазақ үшін жылқы тектіліктің бірден-бір нышаны саналатынын ескерсек, атамның сергек болмысы да жылқыға деген құштарлықтан сомдалған болар. Ат жалын тартып мінгеннен бастап балалық, жігіттік шағы жылқы бағумен өтіпті. Мінгені жүйрік пен жорға, қысы-жазы ішкені қымыз, жегені қазы-қарға мен жал-жая, тақымынан құрық, қанжығасынан шалма түспейді екен. Әкесі Жақыбай би малшы жалдамаған соң, малды ағасы Тәшімән және баласы Тұтқабек бағады екен. Төрехан атамды қасына ертіп жүріп, жылқы бағудың қыр-сырына баулыған өзінің үлкен ағасы Тұтқабек болыпты. Тұтқабек атаны ауыл «Әлдіім» деп атаған екен.

Жаз кезінде сауын биелерді ғана ауыл төңірегінде ұстап, қалған жылқыларды үйір-үйірімен тау бөктерлетіп, еркін қоя береді екен. Айына екі-үш рет түгендеп, жәйілім ауыстырып отыратын болған. Қалған уақытын жайлау төрінде той тамашалап, өлең айтып, қыз-келіншектермен айтысқа түсіп, көкпар тартып, қызық думанмен өткізеді екен. Ең қиын кезең қыс мезгілі болыпты. Қыс аязды болып, қар қалың жауған жылдары, жылқыны тебіндеуге өрісі ыңғайлы Іленің бойындағы Салпық түбегіне немесе Қарадалаға отарлатады екен. Ол кезде жылқының жауы ит-құстан гөрі барымташылар мен ұры-қарылар болыпты. Жылқышылар осал болса, өздерін байлап, жылқыны тайлы-туяғына дейін қалдырмай айдап кетуден тайынбапты. Әсірелеп айтқанда «жылқышының бір түнгі күзеті - бір жылға бергісіз тарихқа» пара-пар екен.

Жылқының қыр-сырына үніліп, ығын түсініп, әрдайым тосыннан келген қатерге тойтарыс бере алатын алымды адамның ғана жылқысы өскен. Әркімге бұйыра бермейтін серектік, сезімтал қасиеттер жылқы баққан азаматтардың қырағы болуына, ширақ болуына итермелеген. Түні бойы ай күзетіп, жұлдыз санап, аспанмен сырласып, ат үстінде неше алуан ойдың жетегінде жүру адамның ойын ширатып, сезімін ұштап, денесін сергітері хақ. Атқа мінген қазақтың көңілі марқайып шыға келетінін ескерсек, жылқы бағу қиялынды да қияға ұшырады-ау. Атамның серектігі мен сері мінезі жылқы баққан кезінде сомдалған болар деп тосылаймын.

Әкесінен дарыған атбегілік қасиет балалық шағынан жылқы бағып, ат баптаған Төрехан атамның жылқы танудағы қабілетін шыңдай түскен екен. Жылқы бағу ауыл азаматтары үшін күн көріс қамы болса, Төрехан атам жылқыны таңдап мініп, жүйрігін баптап, бәйгеден оздыруды, жорғасын жаратып жарыстан келтіруді өнер тұтыпты. Жүйрік баптап, жорға жарату – қазақ халқы үшін үлкен өнер саналған. Ат баптау өнерінде қанмен сіңген қабілет жылдар бойы ұшталып, аттың сырын көзінен ұғатын деңгейге дейін көтеріледі екен. Төрехан атам да әкесі Жақыбай, атасы Салпық би іспетті атты құлынынан жазбай таныған атбегі болыпты. Жастайынан жылқы бағып, ат жалын тартып мінгеннен ат баптаудың сырына меңдеген атам, жүгіретін атты түр-тұрпатынан танытын сыралғы сыншы екен.

Өрісте жайылған жылқының ішінен самалға қарсы жүріп жайылған, су ішкенде ағысты өрлей ішетін, оттағанда жайылым шүйінін қарбытып орып жейтін, оқыс қимылға үрікпейтін атты жақсы жылқыға балапты. Аттың бітімін сынағанда: кеудесі кең болса жылқының жүрегі мен өкпесіне қысым түспейді деп омыраулы, кең тынысты, сағакты болғанына мән береді екен. Шоқтығы биік, бауыры жазық, бөлі қысқа, сегізкөзі биік жылқылар жуан сіңірлі, бота тіресек, құйма тұяқ болса аттың аяқ алысы ауқымды, шабысқа шыдамды болатынын білдіреді деп айтады екен. Аттың қолтығы сыртқа теуіп орналасқанына, қабырғасы ұзын, көлбеу болғанына да ерекше мән беріпті. Аттың тісін ашып, күрек тіс қатары мен азу тіс қатарының арасындағы кетік алшақ болса, оны да жақсы қасиеттің нышанына балапты. Жұтқыншағынан қаттырақ қысып ұстағанда жасқаншақтамай алдына қарай созылып босаған жылқыны жігерлі ат деп бағалайды екен. Ат таңдауда атам: «ат таңдаудың бұрынғы қалыптасқан әдісі жоқ, ішкі түйсікке сүйенген жөн» деген ұстанымды ұстаныпты.

Ат жаратуда «қалыптасқан қалып, белгілі бір үлгі болмайды» деп отырады екен. Әр аттың мінезіне, жаратылысына қарай баптау керек екеніне мән беріпті. Аттың мінез-сұлқын, ішкі сырын толық меңгеріп, соған орай әрекет етеді екен. Бәйгеге қосарда аттың қабағына ерекше қарапты. Кейде жараған аттың көңіл-күйі болмаса, дайындалған жүйрікті бәйгеге қоспайды екен. Атты жаратқанда ежелден қалыптасқан қағида шеңберінде қалыпты әдістер қолданыпты. Мысалы, кешкі салқынмен өріске жіберіп, күн көтеріле ұстау. Шөбі қуатты, шүйгін өрісті таңдау. Аттың еркін жайылып, аунап-қунап сергек сезінуі үшін қасына бірге жүрген үйірсек аттарды қосып жайылымға жіберу.

Жарату барысында атты аяңдатып, бірте-бірте бөрі аяңға көшіп, желе жортып, екпінмен желдіріп, шаптырып отыру арқылы тынысын ашып, бұлшық еттерін ширатып, сіңірін бекітеді екен. Осы шынықтыру әдісі күн өткен сайын арта түседі екен. Ең бастысы жылқы терлеу керек. Сонан соң, таң асыру міндетті. Елен-аланнан өріске жіберіп, күн көтерілгенде көленкеге ыңғайлау да бұлжымас қағидалардың бірі. Ат ішін тартып, құрғақ тезек тастағанда ғана қара жарысқа салады екен. Жарыс ұйымдастырудың мақсаты озып келу емес, аттың мүмкіндігін байқау болыпты. «Аттың сыры иесіне мәлім» дегендей аттың сырын біліп, мүмкіндігін бағамдап, бәйгеге дайындығын осылай анықтапты.

Аттың бабына келуі де, әрине, әр түрлі болады. Кейбір аттар тоқжарау күйінде шабады, көбіне, іш тартып, еті жеңілдеген аттар жақсы жүгіретіні айтылады. Атты бабына келтіру туралы мағлұматтарды толық айтып шығу мүмкін емес. Мен, Мырзахан Жақыбайұлы атамнан естіген әңгімеге сүйеніп, Төрехан атамның ат баптау әдістеріне қысқаша шолу жасадым. Әңгіме барысында ұққаным, атты бәйгеден келтіретін атбегілер жаратылысы ерекше адамдар екен. Ішкі түйсігі ерекше дамыған, сыншылық қабілеті жылдар бойы тәжірибе барысында зерделенген атбегілер ғана аттың бабын тауып, бәйгені талабына қарай жарата алатынына тәнті болдым. Төрехан атамның осындай атбегілер сапынан орын

алғаны – ұрпақтары үшін үлкен мақтаныш. Ат тану да, ат баптау да, ат міну де – өнер деп түсінем. Қазақ даласының сәнін кіргізген атбегілік өнер атамның «сегіз қырлы» азамат болғанына мұрындық болған-ау деп ойлаймын.

«Өнер – таусылмас азық» демекші өнерлі жанның өмірі өнегеге толы, өмірі өзгеге үлгі болары анық. Төрехан атам жан-жақты өнерлі жан болыпты: ақын, әнші, күйші және «сөз қадірін – өз қадірім» дейтін шешен болған екен. Әкесі Жақыбай бидің көрегенділігімен сауатын ашқан атам, Нұрғали ағасының ықпалымен емшілік кәсіпті де игеріпті. Арғы бетте Алатау аймағындағы елге төкпе ақындығымен танылыпты. Халық әртісі Дәнеш Рақышевтің «Өнермен өзектес өмір» атты естелігінде Суаннан шыққан Төрехан ақынның өнеріне сусындап өскенін еске алады.

Сөз құдіретін игеру тектілікпен келсе де, осы қасиет жылқы баққан кезеңдерінде ұшталды-ау деп пайымдаймын. Кең байтақ дала төсінде көсілген кеңдік, тамылжыған табиғаттың аясындағы әсемдік, ашық түнде ғарыш әлеміндегі жұлдыздардың түсін түстеп, ай мен күннің есебінен жаңылмай жылдың төрт мезгілін қалт жібермей күзете білген қырағылық пен зерделі зейін атамның санасын шыңдап, қабілетін ұштап, таным-пайымын толықтырғаны анық. Суан тайпасының өрелі өрісі Белжайлаудан бастау алған өмір жолы Арқас тауының шығыс салмауларына ұласып, соншама кеңістікті көңіл құшағына сыйдырған аспан асты, жер үсті әлемінің сырына қаныққан тынымсыз тірлік Төрехан атамның сезімтал сезімін, әрі сыршыл қасиетін сомдағандай. Әркімге бір бұйыра бермес Алланың берген нығметі болар.

Қазақ танымдында «Өнер иесі жомарт келеді» деген ұлағатты ұғым бар. Атам өнерлі қабілетімен бірге серілік жүрісімен, жаны жомарт ақкөңіл мінезімен елге сыйлы болыпты. Әжем әңгімесінде атамның тымсақ кең қолтық, жолдастарына қолы ашық болғанын, қонақжай пейіліне сай үйден кісі арылмайтынын жиі айтатын. Ағайын-туысқа қайырымды болғанын тілге тиек ететін. Мұқтаж жандарға жасаған қайырымы, әсілі, атамның жомарт мінезін айғақтайды. Жастайынан «төрт түлік малдың төресі» атанған жылқыны баққан атам, әрине, даланың кеңдігін көңіліне түйіп, жылқының сәндігін сезіміне серік етіп, нағыз мырзалықты бойына ұялатуы заңдылық. Әкесі Жақыбай би қамал алап қырықтан асканда, елге билік айтып тұрған кезі, баласының атын азан шақырып Төрехан деп қойыпты. Ондағы ойы «төре», «хан» тұқымдары сияқты мықты болсын, біздің әулеттен батыр да шықты, би де шықты, ендігі ұрпақ «төре» немесе «хан» дәрежесіне көтерілсін деп ұрпақтан аман болса, өз дәуірінде атам лауазымы төредей болмаса да, еліне төрелік жасап, өнерімен жұртты тәнті етіп, қайраткерлігімен бір ауылдың тұтқасы болыпты.

Төрехан атамды Суан елі ақын деп таныған да, қайраткерлік қыры тек ауыл ағайындар аясында шектеліп қалған. Атам туралы қанша айтсам да артық болмас, қайраткерлік қарымы «Әкеге қарап ұл туар» дегендей әкесі Жақыбай би мен атасы Салпық биден жұғасты болған-ау. Орысшаға сауатты Нұрғали қызмет бабымен Құлжаға кеткенде әулеттің қамы Төрехан атамның уысында болыпты. Бергі беттен ауған ел-жұрттың барған жеріне бауыр басып, елмен етене араласып, тірліктің тай қазанын қайнатуды құйтуға ама бұйырыпты. Іле аймағына қарасты Жалағаш қонысын мекен етіп «Басқы тұйық», «Ортаңғы тұйық», «Шеткі тұйық» деген басы тұйықталған жайылым жерді қыстау етіпті. Биік жотаға қоныс теуіп, жан-жағындағы мал жайылуға ыңғайлы алқапты қоршау соғып, қорық жасаған екен. «Үшбұлақ» өзенінен арық қазып, науамен жотаға су шығарыпты. Көктал ауылында жұмыс атқарған Аманбаев Сүгірбай ата осы қорғанды өзі соққанын, Жалағаштағы Суан ауылы «Төреханның қорығы» деп атап кеткенін айтқан еді. Атамның өнерлі болғанын, әрдайым жарға аттары қорықтың ішінде жайылып жүретінін сол кісіден естідім. Әжем де әңгімесінде атамның көкпар десе делебесі қозатынын, той-томалақтан қалмайтынын, әдемі киініп, мініс атын сайлап баратынын және той-думанның дуылын қыздырып, ән айтып, айтыстың көрігін қыздырып жүретін сері мінезін айтып отыратын.

Әулеттің қамын қамдау ама тапсырылған соң, мал бағуға өте ыңғайлы Жалағаштың өр жағындағы тұйықтарды қыстаққа ыңғайлапты да, Арқас тауының етегі «Аша» қонысын көктеу ретінде пайдаланыпты. Көктем мен күз мезгілінде мал негізінен Аша қонысының «Тума-тай» жотасында жайылады екен. Мал көктеуге кетісін Жалағаштың батыс жағындағы «Құлжабай тұйығының» етегіндегі «Шолаққалтыр» жоталарына бейнәм жерге егін егіпті. Арпа, сұлы егіп малға жем дайындалса, бидай мен тары ел-жұрттың азығын айырыпты. Үшбұлақ өзенінен су шығарған тәлімге беде егіп, малға қыстық азық дайындапты. «Әке көрген оқ жарар» дегендей әкесінен үйренген шаруаға икемділігі іске қарапты. Осылай, Төрехан атамның ширақтығы, шаруаға икемінің арқасында бергі беттен ауып барған біздің әулет тез оншалыпты.

Ақалақшы* болған ағасы Нұрғалидың қамқорлығымен, халық арасында емші боп жүрген Шорқа деген орыстың қасында жүріп емшілікті үйреніпті. Көбіне, жас балаларға білегінен ем салған екен. Әжемнің айтуынша, Қорғас, Кеген, Жалағаш, Шег бұлақ, Үш бұлақ, Құлысты, Қараой, Үлкенмазар, Кішімазар, Шинпаңзе ауылдарында тұратын балалардың бәрін емдепті. «Осы аймақта 1931 жылдан бастап туған балалардың білегінде атаң салған емнің ізі бар» деп отыратын әжем. Емшілік кәсібінен түскен табыс балаларына нәпәқа болыпты.

*- Шәди Шәкенұлының «Қытай қазақтары» деген еңбегінде «Іле, Тарбағатай аймақтарында мың үйге бір үкірдай (ақалақшы), бір ілгідай (мампан), әр жүз үйге бір зәңгі, елу үйге елубасы, он үйге онбасы белгіленді» деп жазды.

«Жаратқанның жомарттығына шек жоқ» дейтін әжем: «балалардың ырызғы-несібесі болар, ақалақшылар ақылдасып, «емшілік жасап, бармайтын түтіні жоқ» деп, күз кезінде халықтан алынатын астық салығын жинауды атаңа тапсырыпты» дейтін. Тазаланып, ұшырылған астықтан салық жинайтын адамды «ұшыршы» деп атайды екен. Сонымен, «емші» аталған атам «ұшыршы» деген де атаққа ие болыпты. «Құдайдың берер малы жоқ, біреудікің біреуге аударып береді» дегендей, атамның табатын табысы молайыпты. Қазақы жол-жоралғы бойынша салықпен қоса әр түтін өз шамасына орай кеусен де беретін салт болған. Осылай, бір ұядан өрбіген жеті баланың ырызғысын Алла осылай толтырыпты.

Сонымен, «емші», «ұшыршы» атанған атам бір әулеттің тірлігін уысынан шығармай, қыстағы құтты қонысқа айналдырып, көктеуі мен күзегін жайлы жайылым жасап,



Ғани Төреханұлы ұстазы Әбілхан Қастеевпен

ырысқа кенелткен бейнәмін береке көзіне балап, тіршіліктің қара қазанын қайнатқан екен. Әулеттің ауқатты болуы, әсілі, еңбекпен қатар білімге де тәуелді екенін түсініп, балаларды жастайынан оқуға бейімдепті. Дәулетхан атам бастауыш мектепті тәмамдап, иза /ауылдық кеңес/ қызметін атқарса, Әуелхан ата Кеген мектебін бітіріп, Құлжадағы гимназияға оқуға түскен екен. Ауыл адамдарына жұмыс бөліп беру, арағайын татулығын сақтау және тағы басқа да әлеуметтік істерге көп еңбек сіңіріпті. Мен пайымдаған Төрехан атамның қайраткерлік қыры қысқаша осындай. «Нак айтып, шешен сөйле – болсын қысқа, айтқан сөзің үлгі болсын – елге нұсқа» деп өзі жырлағандай елге үлгі болудың өресін өрген өнегелі жан болыпты.

Салпық атасындай ақыл-парасаты, ел қамын жеген әкесі Жақыбай бидей қайраткерлігі, сөз жоқ, әке көргендігі. Алмағайып заманда тірлік тынысын тарылтпаған бабалары әспетті бір әулеттің қамын қамдаған Төрехан атам, шынымен де, қайраткер болыпты. «Ұрпақ өседі, жер өспейді» деген қағидамен ұрпағына қамқорлық жасап, олардың бойына қазақы жол-жоралғылардың дәнін егіп, даланың даналығына баулып, жанаша білім алуға үндеген екен. Аумалы-төкпелі заманның жаңа сипаттағы азаматтары болуға әзірлепті. Атамның адамгершілік құндылықтарды ұлықтауы және білімге үндеуі әулеттің әлеуетін сақтап қалуудың тәлімді тәсілі дер едім. Міне, көрегенділік! Әттең, өмірі қысқа болыпты.

Саналы ғұмырын Жалағаш жерін көркейтуге жұмсаған Төрехан атам өзінің қыстауы «Басқы тұйықтың» батыс жағындағы Аша көктеуіне баратын жотадағы «Шилі төбе» мойнағына жерленіпті. Алланың қалауы болар, Жақыбай әулетінен Салпық бабамыз мекендеген байырғы қонысты күзету бақпаған Төрехан атам тапсырылғандай. Атамның жаназасында Нұрғали ақалақшы дүйім жұрттың көзінше: «Төрехан кетті – алдынан жарыққасын, артында алтындары қалды» деп балаларына сенім арта сөйлепті. Иә, Алла аузына салған болар. Шекара ашылғанда алғашқылардың сапында Төреханның балалары бергі бетке өтіп, Совет заманының тезінен өтіп, жоғары білім алып, замандастарымен үзенті қағыстырып, өмірдің бөйге жарысында алғы саптан көрінді.

Атамның бақилық өмірге озғанына 65 жыл толғанда /2010 жыл/, әкем Әдепхан Төреханұлы Шилі төбе қорымына барып, басына гранит тастан құлпытас орнатты. Әкемнің бар ниеті атамның табанының ізі қалған топырақта есімін ұлықтау және ұрпақтары атасының қайда жатқанын білсін деген мақсат. Қайтарда бейіттен арнайы шүберекке бір уыс топырақ түйіп алып қайтыпты. Төрехан атамның туғанына 110 жыл толған жылы /2018 жыл/ әкем өзінің бастама-сымен атасы Салпық бидің кесенесінің жанынан баласы Жақыбай биге, келіні Шаруан әжемізге, немерелері Ерғали мен Төрехан ақынға гранит тастан еңселі ескерткіштер қойды. Өйткені, Жақыбай атамның бен баласы Ерғали шекарада атылып кеткен, Шаруан әжеміздің бейіті ескі кесененің жанында, Төрехан атамның бейіті арғы бетте. Бұл шара замана талқысымен туған жерден топырақ бұйырмаған жандарды және бейіті жар басында қалған әжемізді кейінгі ұрпақ жалында сақтасын, тегін танып жүрсін, баба рухына мінежет жасап ұлықтасын деген ниеттен туындаған игі іс еді. Арғы беттен алып келген бір уыс топырақ бабақоныс «Әулиеағаш» жеріндегі «Салпық саз» ойпаңындағы сап түзеген осы ескерткіштер бой көтерген жерге бұйырды.

Келбетін көрмесем де, әжем мен әкем айтқан әңгіме ауанымен атамның ұлық ұғымын ұлықтап, бейнесін сомдау барысында туындаған шабыттың әсерімен тақырып өзегінен ауып та кетіпін. Мақала басында айтылғандай Төрехан атам Суан еліне ақындығымен танымал болған өнерлі жан болғаны мәлім. Халық әртісі Дәнеш Рақышев өз естелігінде Төрехан атамның ақындығына тоқталғаны да бекер емес. «Қарға тамырлы қазақ» емеспіз бе, Дәнеш аға және біздің әулет Суан тайпасының ең ауқымды тармағы Мырзамкелді руынан тарайды. Сонымен бірге, қыстаулары да көршілес болыпты. «Құлжабайдың тұйығы» аталған қоныс Дәнеш атамның бабаларының мекені екен. Төрехан атам орда бұзар отыз жасында ауылдың ұйытқысы ретінде Совет елінде орысша сауат ашқан інісі Мырзаханды ағасы Нұрғалидың кеңесімен мұғалімдікке бейімдепті. Мырзахан атамның бастауыш мектепте Дәнеш ағамызға дәріс берген екен. Осылай туыстық пейіл, ұстаздық ұлағат және өнерге деген құштарлық бір арнаға тоғысып, біздің әулет пен Дәнеш ағаның арасындағы сыйластықты бекемдей түсіпті.

Төрехан атамның ел аузында сақталып қалған екі айтысы әкем Әдепхан Төреханұлының қағазға түсірген

нұсқасында «Елім дархан, жерім бай» атты жинаққа енді. Екі айтыста да атам жеңген екен. Әсіресе, Жалайырдың айтулы ақыны Күләйді жеңгені аңызға айналған. Мырзахан атам: «Төрехан «төкпе ақын» болатын, «арқасы қозып, шабыты шарықтағанда аузына ілінген сөзді түйдек-түйдегімен ірікпей айтатын батылдығымен Күләй ақынның сынына берген жауабы дүйім елді толқытып жіберді» деп сыр тартқан. Ол өлең жолдары ауызекі айтылғанмен, жазба нұсқада берілмеді. Әкем ақын ретінде сөздің құдіретін түсінгенмен, «ұлы сөзде ұят жоқ» десе де, ой қуалап айтылған ащы сөздерді таспаға түсіруді сөкет санады.

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» деген сөз Төрехан атам қатысты айтылғандай. Адам бойына әншілік өнер тектік тамырмен даритыны белгілі, бос даңғазалыққа елікпей осы қасиетті қадірлеп, қабілетті ұштап отыру әркімнің парасат-пайымына сын. Әрине, өнерпаз жан ұяғатты сөзін әуезді әнімен өрнектей алса қадірі тіпті асқақтай түседі. Байырғы қазақ қауымында осындай тума таланттар халыққа етене жақын болған. Атамның сезімтал, сыршыл мінезі өнерпаздық қырын шыңдап, серілікке еліктеріпті. Әжемнің әңгімесінен түйгенім, өнерге деген құштарлығы, әсемдік пен сұлулыққа ынтызарлығы, үйлесімдікке ұмтылысы атамның сері мінезіне серпін бергендей. Әсілі, сері адамның өнерге деген қабілетінің қарымы да қуатты болатыны да табиғи заңдылық. Серіге тән еркіндік және елмен етене араласу өнердің өрісіне жол ашып, жан-жақты толысуына мүмкіндік береді.

Әжемнің ән айту сарыны, әкемнің ән орындаудағы ерекше мәнері және ағайымның /Әуелхан Төреханұлы/ әңгімелерінен көңілге түйгенім, атам Арқас өңірінің халқына тән ән мәнерін, сарыны мен ырғағын екшей отырып, өзінің дара стилін сомдаған және оны балаларының бойына дарыта алған өнерлі жан болған деп пайымдаймын. Өйткені, әжем айтатын өлеңдердің, әкем айтатын халық әндерінің орындау сарыны оқшауланып тұрады. Осы әндердің ауаны халық әндерімен үндескенімен, ырғақ-сарыны Жаркент өңіріне тән өзгеше стилді айғақтап тұрады.

Кейде әкемді сағынғанда осы әндерді ыңылдап ішімнен орындайтын да әдетім бар. Осы әндердің лирикалық сарыны, әуен толқындары қазақтың кең даласы мен оның сұлу табиғатын бейнелегендей әсер қалдырады. Әжем жайлау төрінде той-думанда орындалатын әндерді тыңдап, үйге келгенде, күрсініп алып: «е, балам, атаң осы әндерді төгілтіп айтатын, әннің әуенін мың құлпыртып айтқанда дүйім елді баурап әкетуші еді» деп отыратын. Атамның айтыс ақыны болғаны жалпақ жұртқа жайылғанмен, ән орындау қабілеті көпшілікке беймәлім. Құйылығата ән салып, жағымды әуезді үнімен жұрттың жанын жадыратады екен.

«Өнерлінің өрісі кең» дегендей атам қисса-дастандарды да мол білген екен, әдемі әнімен тамылжытып терме де орындайды екен. Сонымен, қазақтың өнер /өлең шығару, ән айту, жыр орындау/ мұрасын өзіндік айшықпен толықтырған өнерлі жандардың бірі – менің атам Төрехан ақын десе-сем артық кетпеспін. Мырзахан атам інісін еске алғанда «заңғайыр, әрі зерделі ақын» еді деп отыратын. Өнердің, әсіресе, өлеңнің адамның ішкі болмысына әсер ететінін ескерсек, атамның өмірге арқау болған өлеңі – өз заманының айнасы ғана емес, сол кезеңнің қыспағына қарсы тұрған ықпал-күштің миссиясын атқарғандай сезінем.

Мен тебіреніс үстінде жазған мақаладан соң «Бабасының атағы таудай, баласы қандай екен?» – деген сауалдың туындауы заңдылық. Төрехан атамның кіндігінен тараған төрт ұлы да өнерлі жандар. Үлкен баласы Жақыбаев Әуелхан Төреханұлы қаламгер болды, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, отыз жылдан астам Талдықорған облыстық радиокөмегінен редактор, аға редактор қызметтерін атқарған. Қаракерей Қабанбай батыр туралы «Даңқты қолбасшы», Дәнеш Рақышев туралы «Әнмен өрнектелген өнер» және Қожамбет би туралы «Жігітке бақ қонарда жолы болар» атты танымдық очерктерімен танымал.

Менің әкем Әдепхан Төреханұлы – ұлағатты ұстаз, ақын, этнографиялық еңбектерімен танымал. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, «Алматы облысының Құрметті азаматы». Әкесінің ақындық өнерін жалғастырып, биік межеге жеткізген жан, өзіндік ән орындау мәнерімен танымал өнері де бар. Бар саналы ғұмырын туған жер табиғаты мен елінің тірлігін өлеңмен өрнектеген әкем, өз әкесі жайында да оннан аса өлең жазыпты, мысалы, «Әке өсеті», «Қарашал», «Әкеме», «Сағынамын әкемді» тағы басқа да жырлары. «Жылан шаққан жыл» деген көлемді өмірбаяндық дастаны әке өнегесін дәріптейтін тұғырлы туынды.

Жақыбаев Базархан Төреханұлы – сауда саласының озық қызметкері. Көбіне, сазгерлігімен танымал, шығарған әндерінде Жаркент өңіріне тән сырмен есіп тұрады.

Жақыбаев Ғани Төреханұлы жан-жақты өнерлі болған жан. Әттең, өмірден ерте озды. 1967 жылы Мәскеуде өткен жастар фестивалінің жеңімпазы болған. Домбырашы, әнші, күйші және суретші болған, әрі қол өнерін де меңгерген. Әбілхан Қастеевтен дәріс алған суретші болған.

Төрехан атам таныстыру шежіресінде: Белгілі үшінші атам Мұратбегі, Жетеді талаптанса мұратқа ері.

Қаракөк жеті атамнан үзілмеген,

Ел билеп, қол бастаған арғы тегі, – деп, әулет сабақтастығындағы өнердің жалғастығын жырлаған екен. Әулеттің ерекшелігі де осы. Әсілі, атам өнердің құндылығын әкенің қанымен, аның сүтімен бойына дарытып, балаларына мирас қып тастап кеткендей сезілді. Өнерлі болғаны Алланың берген сыйы болса, қысқа өмірі тәлейіне жазылғаны болар. Дегенмен, ғұмыры қысқа болса да, тілегі мен ниетінің адалдығы болар, өнерінің өрісі өміршен болды. Әсте, өміршен өнерінің өрісі тарылмай сабақтастығы жалғаса берсе, бақи дүниеде атам шаттанып жүре берер.

Тау тұлғалы атамның рухының алдында екі жүзден еркін асатын барша ұрпақтарының атынан иіліп тағзым етемін. Тастан қойған ескерткіш уақыт атты сыншының алдында сыр беретінін ескеріп, атамның бейнесін ғасырдан ғасырға үздіксіз жететін құдіретті күш – сөз арқылы сомдадым.

Айбын ӘДЕПХАНҰЛЫ,
Төрехан Жақыбайұлының немересі

* - Салпықби, Жақыбай би туралы мәліметтерді бергенде Әдепхан Төреханұлының деректеріне сүйендім;

** - Жалағаш деген ауыл Жалағаш деп те аталады, Әдепхан Төреханұлының кітабында осы транскрипцияда берілген. Әжем Жалағаш деп айтып отыратын, сондықтан мақала жазу барысында қайта пысықтадым, сонда әкем «Жалағаш» деген атауды құптады.

(Басы 1-бетте)

Кезинде үйге алгаш келген курстасымнын «Атаң тура кинодагы украин князьдарынан аумайды экен» дегени бар.

– Жо-жок, кателесесиз. Керисинше, ол князьдарың менің атамга тарткан. Немене, билмейсиң бе, нагыз казактар бурун аксары өңдү, көк көздү болган, – дейтмин мен элдебир жарияланымдардан окуган тарихи мәліметтерди алга тарта дауласып.

Атам домбыраны шебер тартатын. Жиын-тойда, алкакотан отырыстарда тартатын күйлери өз алдына, кей-кейде өзімен-өзі онашада калганда эркез элдекандай бир әуенді ішекті ілмелей тарта тұңгыч ойга батып, қос жанары жасаурай ұза-ақ отыратын. Шанақтан төгілген мұңды да әсем саз бала болсақ та бізді де елтіп, тылсым бір әлемге еріксіз жетелейтін. Ондайда оған бірдеме деп тіл қатуға батпайтынбыз. Оқта-текте көңіл хошы көтерілгенде «Ата, жаңағы қандай күй?» десек, «Е-е, – дейтін терең күрсінп алып. – Әйтеуір бір әуен ғой. Атын өзім де билмеймін» дейтін. Кейінірек қаншама күй, әрқандай әуен тындадым. Әйтсе де, сондай сарынды еш ести алмадым. Шамасы, сол атамның өз көңіл толқыны, өзінің төл туындысы болуы керек.

«Күй» дегеннен шығады, «Татар күйі» деп аталатын әлдебір әуенді ойнақыландыра шертетін. Ондайда өзі де образға еніп, екі көзін ойнақшытып, өңі бал-бұл жанып, бүкіл өн бойы күй екпініне орай қимыл-қозғалысқа келіп ерекше күйде болатын. Тыңдаушылардың да дегбірі кетіп, делебесі қозып, «Әйдейт дерсің!», «Ой, жарайсың!», «Тарта түс!» деп жан-жақтан дауыстап демеу беретін. Ән-күй десе ішкен асын жерге қотың әсершіл Әкіш ағам (атамның кенже інісі, айтыскер Жандарбек ақынның әкесі) орнынан атып тұрып, жер тартып, санын шапалақтап билей жөнелетін. Құлақтан кіріп, бүкіл алпыс екі тамырдағы қанымызды қыздырған құйқылжыған әуенге ілесіп біз де киқуға басатынбыз. Сөйтп, шағын шаңырақ асты ілезде күй шалқып, ән асқақтап, біз алаңына айналып шат-шадыман шаттыққа кенеліп жатушы ек.

«Мырзақелдіден ұл туса, ағашқа күн туады» демекші, біздің әулеттің ежелден ақ ұсталық өнерге де епектігі бар екен. Атамекеніміз – өр Өсектің басы ғой. Ауасы – саф, суы – тұнық. Пейіштің төрі дерлік дәл осындай өңірде өскен ата-бабаларымыз бейіл-берекесінің басы – төрт түлкіті де түлеткен. Өзен бойындағы ең тоғайды еминеркін жайлаған. Ал мұнда ағаштың тұр-түрі сынысп тұр. Мөлшері қаншалықты көп болса, қасиеттері соншалықты әр алуан. Аталарымыз оларды тіршілігіне қажетті мүліктер жасауға молынан жаратқан.

Жас кезінде ән-күйгеауес болған арғы атамыз Табылды баласы Бегімбет ағаш үйдің сүйегін жасап, ер шабатын шебер болған екен. Содан ол кісінің тұңғыш ұлы – менің атам да тек арқылы дарыған тәрзіді: өткір балтасы мен шоты, тесесі мен бір қолдық шағын арасы, жүзі қылпылдаған кездігі мен бәкісі – ең сүйікті құрал-жабдықтары болды. Атам оларды ауық-ауық тексеріп, еш қолданбаса да қайрап, бабында ұстайтын. Ботен қолға тигізбейтін. Ыңғайы келсе жып еткізіп қолдана қойғысы келген апам мен әкпелеріме «тәйт» деп тиым салып, «Бұлардың не түге? Өздеріңе еншілеп берген өңгесің ұстамайсыңдар ма?» деп зілсіз жекіп тастайтын.

Әлі есімде, атам бір күні ертеден кара кешке дейін біресе аралап, біресе жаңқалап жонып, біресе әлдебір затпен ысқылап жүріп, әлдеқандай бір аңның мүсінін жасады. Пошымы жана туған лақтан сәл кішірек. Төрт аяғы әлдебір тияктерге бекітілген. Қозғалмалы. «Бұл не ата? Қандай аң?» дейміз балалық әуестікпен. Бастапқыда тіс жармаған атам мазасын ала берген соң «Бұл – ортеке» деді ісін үзбестен. «Ол не, жүре ме?» дейміз тақымдап. «Жүрмек тұрмақ, билейді» дейді атам маңғаздана. Бұны естіп одан сайын өңмендейміз. Сұрақтан-сұрақ балалай береді. «Сәл шыдаңдар, қазір мен жасап бітейін. Содан кейін қызықтың көкесін көресіңдер» деп атам бізді тіптен ынтықтырып қояды.

Айтқаны ақиқат екен. Ақырында көл-көсір қызыққа кенелдік те қалдық. Терісіне дейін табиғи етіп жасалған ортеке арнайы жасалған тақтайша үстінде тұяқтары тырсылдап, «буындары» былқылдап билеп кеп бергенде есіміз шыға таң-тамашаға баттық. Сәп салып қарасаң бәрін қозғалысқа келтіріп басқарып тұрған «дирижер» кәдімгі ұзын домбыра ішегі. Бір ұшы «бишінің» мықынына бекітілген, бір ұшы атамның домбыра шерткен саусағына ілулі. Күй екпін алған сарыен текеміз де теңдеп, қарқын алып қызған шақта қырдаң-қырға қарғы шауып қызына биледі. Шанақтан ойнақы әуен шалқи шашылғанда тіптен ойнақтап кетті. Кейде тіпті құйрығын көтере мөңкіп, артық аяқтарын көкке көтере тепкілейтінін қайтерсің. Күй ырғағының ыңғайына қарай елтіген күйші кенет күнделікті өзін көріп жүрген атам емес, айуанның да тілін біліп, айтқанын істететін әлдебір алапат күштің иесі, киелі кісі боп елестеп кететін.

Кейіннен осы «Ортеке» күйі атамның «репертуарындағы» ең шоқтықты шығармаларының бірі болып кетті. «Соғым басын беру», «Ауызашар» сияқты дәстүрлі дастархан басында, тіпті кішігірім той-томалақтарда көпшілік осы күйді көп тартуға қолқалайтын. Алайда, атам оны бірден орындай қоймайды. Алдымен екі-үш басқа күйлерді тартып байқақтап, қолын жаттықтырып отырады. Сонан соң бір сәт домбыраның құлақтарын қайта бұрап, тыңқылдағып көреді де, тиегін әрі-бері жылжытып, мығым тұруы үшін болса керек, «туф, туф» деп түкіріп ылғалдап қояды. Одан кейін орнығып отырып алып, ішекті қағып-қағып жібергенде қошаметші қауым да ду ете қалады... «Өртістердің» әрекеті әрдайым

ҚАЙРАН АТАМ...



Атам екеуіміз. 1975 жыл

калыпты бола бермейтін әдеті емес пе? Мұндай концертке биші теке кейде «қатысады», кейде «қатыса алмай» қалады.

«Жиын-той» демекші, әжептәуір үлкен ауылымызда атамды қонаққа шақырмайтын үй жоқ. Қашан көрсен де төрде. Жылы-жұмсақ алдында. Әрине, беделі биік әкенің баласы да босағада қалмайды.

– Өй, мынау Нүкеннің баласы ма?
– Үлкейіп қалыпты ғой өзі...

– Сонда атасына еріп жүре береді екен-ау, ә...
Атамның көзінше осылайша үй иелері де «Өй, үй» деп емешегі езіліп тұрады. Шын өмірленгені ме, әлде кекеткені ме... белгісіз.

Бірақ, онда менің шаруам шамалы. Шалдар қазы-қартаны асауға құшырлана кіріскенде атамның оң тізесін баса отырып, тәтті-тұрым, дәмді асқа мен де жаудай тиісем. Қариялар да қу. Кейде алдарына былқып піскен қойдың басы келсе, құйқаның дәмді жерлерін өздері асап-асап алады да, «Мынаны ән-нәу сары балаға беріндерші» деп қалқынға құлақты қойып ұстағалы. Түп жағындағы қалыңдау жері болмаса оның тіскебасары тым жұтан. Оған қоса жөнді үйітілмегендіктен кейбірінің іш жағы толған қыл-қыбыр. Қайтесің, бала біткеннің бұлжымас сыбағасы сол. Қытықсаң да қауқан-қуаң етесің. Бірақ, көзің андасанда табақтағы төпелеме етке төніп-төніп кетеді. Сұңғыла шалдар оны сезе қойғандай «Е-е, құйымшақты балалар жеуге болмайды, құйыршық құсап жеңілтек болады» деп майлы, жұмсақ жерлерін қызыл иегіне салып қажалайды. «О-о, басты әкесі барлар ұстамайды» деп оның да дәмді құйқасын жұмалап сүйкей бергенде шыдамай кетем. «Ата, ми...», «Ми жеймін» деймін миыулап. Атам көлемі ортан саусақтай ғана бәкісінің жүзін қайта ашады да, көз майы ойылып, тандайы сылынып, құйқасы сыпырылып әбден ақ сөңке болып тазарған бас сүйекті қайта қолына алады. Әлдебір сына тәрзіді қабыршық кішкене сүйектерді бәкінің ұшымен сырт-сырт еткізіп оп-онай шығарып тастайды да, әп-сәтте аппақ табақ ақтары салады. «Ей, Пәленше-жан кішкене миды берші. Айтпақшы, тұз ала кел, аз ғана...» деп қызметші жігіттерді жұмсайды. Бұған мені дәндеткен атамның өзі. Рәс-өтірігін білмеймін, әйтеуір «Миды көп жесең, мың көбейеді. Ақылың артады» деп кейде үйде де осындай мипалау жасап беретін.

Еріксіз есіме түсіп отыр, белгілі ақын, сазгер, журналист, педагог Токбай Исабеков ағамыздың бұрынырақта жазылған «Айқынның тілегі» деген мынандай бір шумақ өлеңі бар еді:

Әке, әке айды әпер,
Айна қылып ілейін.
Айда тұрған тайды әпер,
Тұлпар қылып мінейін.

Ерке ұлы дәл осылай сұрады ма, сұрамады ма кім білсін, ақын ағам бала құштарлығын жанр тілімен керемет кестелепті. Балалық қанағатсыздықты қойсаңшы, кейде әлгіндей дастархан басында «Ата, тіл жеймін, тіл» деп қығылық салам. Тіл мен жақты көбінесе баспен бірге аса бермейді ғой, жоқ нәрсе қайдан табылсын. Оған қону қайда? «Тіл жеймін, тілім өседі. Ақын болам...» деп қоймаймын. Мұны да үйреткен, бұған да құнықтырған қамқоршымың өзі-тұғын. «Әй, болды доғар, – дейді жеңкіреп. – Бұл қойдың тілі жоқ екен». «Сонда не ол мақау ма?» деймін сәл аңтарылып отырып. Жұрт ду күледі. «Сөйтп сөйлемесе Нүкеннің баласы бола ма?» дейді біреусі желпініп. «Жарайды, қысқарт, одан да мынаны ал да, үйдегілеріңе қосып қой» деп сөзді шорт қайырган атам қолыма әбден тазаланған әдемі асықты ұстатады.

Қонаққа бару деген бала үшін шексіз қуаныш қой, шіркін. Оның рахатын мен осылайша тым ерте сезіндім. Атамның арқасында. Алайда, «кәйіпті» күйіме көз алартушылар да табылмай қойған жоқ. Сол баяғы – екі әкпем:

– Саған қонаққа жиі баруға болмайды!
– Неге?

– Онда тек үлкендер отырады, арасында мұғалімдер болуы мүмкін.

– Олар не қылады?

– Оны ертең-ақ үлкейіп, мектепке барғаныңда көресің.

Тыңдап отырсаң, менің жиі-жиі қонаққа баруымның салдарынан бір сұмдық болатын

сияқты. Қайдағы бір құпия қорқынышты сыбырлай айтып, сақтандырған болады. Төндіретіні соншалық, тіпті оқта-текте «Қой, қонағы құрсын, тыныш қана үйде отырайын» деген ойда қылаң беретіні рас. Бірақ, қайда-а?...

Атамның тысы ши барқыт, іші қалың жүн ішігі бар еді. Көбінесе соның етегіне оралып «соғым басына» мен де бірге шығып кетемін. Ондайда қапы қалған әкпелерім кейіннен әдіске көшеді. Қонаққа жинала бастағанда мені әлденеге алдарқатып атамнан адастырып алып қалады. Оларға қарсы мен де айла таптым. Қонаққа шақыруды естісімен-ақ ертерек қамданып, үйден шығып алам. Атамнан бұрын. Содан әлгі үйдің қақпасының алдында әрі-бері ойқақтап жүре тұрма да, атам таяғанда «сып» етіп есіктен бірге ене кетем.

Әйтсе де, мұндай әдістің бәрі бірдей сәтті бола бермеді. Бірде сыртан келсем бізден екі-үш үй әрде тұратын туысымыздың баласы үйден шығып барады. Ішім қып ете қалды «Әй, неғып келдің?» дедім, әй-шай жоқ. «Жәй...» деді ол күмілжі. Әлдене жиырып тұрғанын сезіп: «Атамды шақырып келдің ғой, иә...» деймін тақымдап. Анау айтқаны келмей біраз кідірді де басын изеді. Сөйтті де, «шыбық» атын қамшымен бір салып «шаба» жөнелді. Іле-шала атамның табалдырықтан тысқа аттан шыққанын көзім шалып қалды да, бұға қойдым. Байқаймын, тым асығыс. Ішігінің бір жеңін жүре киіп артына бұрылмастан төтелей тартты. Ілесе кеттім. «Неге, кеш болмай шақырды екен?» деп ойлап келем. Тамағымды жұтынып, тастарың қоямын. Көз алдымда – көл-көсір дастархан...

Кенет, атаммен бірге қақпадан қапталдаса кіре беріп шошып кеттім. Әншейінде әп-әдемі туыс тәтеміздің түрі әлемтапырық. Шашы дода-дода. Аялы қара көздері ақып кеткен. Қызарыңқырап тұрған мұрнынан әлсін-әлсін жылт еткен қанды жеңімен сүрте беріп:

– Жақсы аға, – деді жыламысырап. – Мына иттің істегенін қараңызшы. Атау кересін ішіп алып...

Іш жақтан да ышқынған дауыс жетті:

– Ой, әкеңді... зарлама. Тіліңді ағаш кеңірдегіңмен қосып суырып алам қазір...

– Оттама, пияншік!

– Ей, доғарыңдар! – деді атам айбаттана.

Күтпеген көріністен онсыз да оңып тұрмаған. Қаһарлы үнінен қатты қорқып, қора жаққа тұра қаштым. Көрші бала да бірге безді. Бірақ, өте ұзамадық. Балалық әуестік қой баяғы. Бұрышты айнала беріп қайта бұрылды та, баспалай қарап құлақ түрдік. Шақырған жерден қарын шерттіп тойып қайтатын қайран бейкүнә басым сол жолы тұңғыш рет ересектердің ересіне куә боп, боқтық-былапыттарын «сөздік қорыма» қосып қайтқан екем, қазір ойлап қарасам.

– Ата, – дедім бір жаймашуақ кезде. – «Қылшық» деген не?

– Ол ма, ол – жүн... – дей берді де, атам кенет бүкіл денесімен бұрыла қарап қарсы сұрақ қойды:

– Оны неге сұрадың?
Ойымда ештеңе жоқ:

– Әнеуекің ана тәте ағаға «Қылшығым татымайсың...» деді ғой, – деп қойып қалдым.

Сол-ақ екен, атамның ащы даусы санқ етті:

– Әй, қой... Қайдағыны сұрап... Үлкендер ұрысқанда ондай жәман сөздер айта береді. Сен бұдан былай ондай жерге барма да, тындама, – деді нығарлап.

«Ит пен бала қорған жерге өш» деуші ме еді, тиым салғанымен осы жағдай көпке дейін ойымнан кетпей жүрді. Бірде әлгі ұрысқа тәте мен ағаны қонаққа барған жерде кездестіріп таң қалдым. Мәз-мәйрам, жайбаракат. Араларында ештеңе болмағандай. Бір-біріне бірдеңелерді куә айтып, алдарындағы асты қарбытып отыр. Тіпті біраздан соң бірігіп әндесалды. «Ой, сұмдық-ай, әлгінде соншама лас, соншалықты жаман боқтықты айтқан ауыздарымен қайтып тамақ ішеді екен. Әуелі ән айтып отыр ғой өздеріңше...» деп қайран қалғаным есімде сол сәтте.

«Ата, атам» деп айта беріпін ғой, енді есептеп отырсам, ол кісі сол кезде елу жасқа да толық ене қоймаған екен. Тек әулеттің үлкені, туған-туыстың бас көтерірі болған соң бәрі қадірлеп, құрметтеген тәрзіді. Сол ілтипатқа орай атам да лайықты көшбасшы болған-ау шамасы. Сонау өткен ғасырдың елуінші жылдарының екінші жартысында

Қытайдан бері қарай ел шекара асканы мәлім. Сол бір «балапан басына, тұрымтай тұсына» кеткен қалаймақан кезде туыстардың бір тобы Қырғызстанға, кейбірі Көкшетауға, жартысы Жамбыл жаққа жөнелтілген екен. Сондай аласапыран шақта ел-жұртын арғы беттен шашу шығармай алып өткен ол кейіннен бұл жақта да туған-туыстың кіндік қаны тамған атамекенде шоғырлануына да ұйтқы болыпты.

«Арғы бет» дегеннен шығады, бүгінге дейін біздің өңірде «ар жақтан келген», «тұрғылықты» деген ұғым сақталып келгені рас. Ашық айтылмаса да оның кәдімгі «І сортты ұн» немесе «ІІ сортты ұн» деген сияқты сипаты болғандығы да шындық. Алқалы бір бас қосуда осы туралы әзіл-шыны аралас «аналар анандай», «мыналар мынандай» деген пікірталас туғанда атамның: «Ей, айналайындар, өстіп елді жіктегендеріңді қойсаңдаршы. Ру-руға бөлінгендерің әзді енді ат төбесіндей аз ғана Суанды жақ-жақ етіп, жауықтырып қоймақпысыңдар? Ұят емес пе?! Одан да ауызбірлікті болып, берекелі тірлік жасауды ойламайсыңдар ма...» деп басалқылық жасап, бірлікке шақырғаны есімде. Қайран атам сол сәтте саясат деген сайқал араласқан жерде тек біздің терінің пұшпағындай Жаркенттің жұрты ғана емес, бүтіндей Алмания, Корея, Вьетнам сияқты елдер екіге бөлініп кетіп, осы күнге дейін соның ащы зардабын тартып жүргенін білді ме екен?

Әлі есімде, алтыншы-жетінші сыныптарда оқып жүрген кездерімде-ау деймін, ауылдағы бір соғыс ардагерімен кездесу өтті. Андасам, әлгі кісі атам құралыптас. Содан үйге келісімен сұраққа аламын.

– Ата, сен неге соғысқа қатыспадың?

Ақиқатын айтсам, не деп жауап бергені сөзбе-сөз есімде қалмапты. Тек түсінігім: бұл жақта соғыс жүріп жатқанда атам «арғы бетте» – Қытай жерінде болыпты. Ол жаққа неге кетті, неғып жүрді, ол туралы айтты ма, айтпады ма, білмеймін. Айтса да, онысы мыыма онша қона қоймаса керек. Әйтеуір сол сәтте ойыма бірден оралған өкініші ой: «Қап, атамның соғысқа қатыспай қалғанын-ай... қатыса қалса сөзсіз бағыр болып оралар еді... Омырауы жарқыраған орден-медальға толып тұрар еді... Мен де анау Тұрсынғали тәрзіді атамды мақтан тұтып қокиланып жүрер едім...»

Әй, балалық-ай, десеңізші! Жарайды, пешенесіне жазып, атам расында да майданға барды делік, немістермен соғысты делік... Бірақ, одан аман оралар ма еді, оралмас па еді? Соры қайнап, сол соғыста шейіт болып кетсе ше? Онда мына біз – ұрпақтары жарық дүниеге болар ма едік, болмас па едік? «Болар ма едік» деймін-ау, қайдан боламыз? Өмірге келмес те ек қой. Ол кезде мұндай ой қауашағымызға қайдан келсін?! Сөйтсек, ата-бабаларымыз сонау үркіншілік жылдары үрім-бұтағын, яғни, атам мен басқа да бала-шағасын, сол арқылы болашақ ұрпағы – бізді аман сақтау үшін туған жерін тәрк етіп, жат топыраққа табан аударған екен-ау. Бұл жөнінде кейін ес кіріп, ақыл тоқтатқан жаста ғана ептеп түсіндік қой. Ал анығын тәуелсіздіктің таңы атып, «ақтандар» ашылған соң ғана айқын ұқтық емес пе?!
Кейінірек естігенімиздей атам арғы жақта арабша төте жазумен сауат ашып, әжептәуір қызмет атқарыпты. Алайда, елге оралғанда еншісіне тигені – бір отар қой. Қашан да өз ісіне тиянақты ол бұл жұмысты да дөңгелетіп әкеткен көрінеді. Қара жұмысты кәсіп еткенімен өзінің азаматтық ар-ожданын әрдайым таза сақтап, ешкімге таптапты. Араласқан ортасында абыройы асқақ болғанының айғағы сол емес пе, Қызыл Еспеде бұрыннан зоотехник болып істейтін Ақжолтай дейтін бастық адам атаммен достығын бағалап, жаңа туған ұлына оның есімін беріпті. Қазіргі күндері сол азамат Алматыда бір ғылым докторы, профессор екен.

Алпысыншы жылдары біздің үй бүкіл әулетімен бірге жаңа іргесі қаланып жатқан Кішішынған ауылына қоныстаныпты. Атамның бұл жерде шұғылданған кәсібі – сушылық. Ес жиып, етек жауып, сәл есейген тұста жазғы қаникул кезінде мені де қасына алып, жүгері суғаруға баулыды. Ел аузында «сегіз гектар» деп аталатын алпаңта жұмыс істейміз. Үй мен жұмыс арасындағы көлігіміз – есек арба. Арба болғанда да біздікі ерекше. Өзгелердің көліктерінің дөңгелетері қисалан-қисалаң етіп, шикылдап-қиқылдап, есектері мықшындап әрен тартып, әуерге түсіп жатады. Ал біз ондайлардың қасынан дүкірлете өте шығамыз. «Қос моторымыз» – пар жеккен екі есегіміз де едірленеп елдің алдына түсеуе құштар. Қамшыны бос ауада бір сілтеп «ыс» дегізсең, алып кеп жөнеледі. Ұдайы майланып тұратын дөңгелетеріміз зырылдап тұр. Бұрандалары әбден тартылған арбаның жазысы да, шотысы да, мойынтұғыры да мығым. Оның үстіне түгелдей көкке боялған. Кейде біреу атам туралы айтқысы келсе «Әлгі, көк арбалы Мырзагелді ше...» дейтін көрінеді.

Осы көк арбаның үстінде талай-талай қызықты да «шыбықтық» көрініске куә болып өстім-ау. Ымырт үйіріле үйіне қайтқанда дикандар арбасына азын-аулақ шөп тиеп ала шығады. Пенде болған соң араларында шөпке қоса жаңа пісе бастаған жүгеріден жымқыра кететіндері де бар. Бірде күні бойы жұмыстан шаршап-шалдықсақ та арбаға отырысымызбен көңіліміз көтеріліп, үйге қарай желдей есіп келе жаттық. Кенет, бір мүйістен қолхоздың бас агрономы болып істейтін кәріс кісінің «Вилис» машинасы шыға келді. Шыға келді де, дәл шытырман оқиғалы кинолардағыдай шұғыл бұрылып, арбамыздың алдына қолденен тұра қалды. Оң жақ есігі сарт етіп ашылды да, енгізердей бастық бізге қарай әй-шай жоқ ентелей ұмтылды. Кілт тоқтаған арбадан атам екеуіміз де жерге қарғып түскенбіз. Анау өңмендеген күйе арбадағы шөптің астына қол жүгіртіп қонарып қарай бастады. Ойын түсіне қойдық. Сәл-пәл аңтарылып қалған атам дереу қолына орағын алды да, тиелген шөпті құшақ-құшақ қылып алып жерге тастай берді. Қимылы

тым шалт. Кейбір шөпті тіпті бастықтың көлігі жаққа қарай құлаштай лақтырды. Бұл қылығына тандама қарап тосылыққырап қалған бастық күдікті ештеңе жоқ екеніне көзі жеткенін «Болды, болды... Кете бер...» деп қазакша бір-екі қайырымға келді де машинасына қарай тонқандап қайта бұрылды.

Кенет «Токта!» деген қаһарлы үнінен селк ете қалдым. Қысық дөңдері бағжаң етіп жалт қараған әлгіге атам: «Әй, алдымен... салам қайда? Сонан соң... үш-төрт бас бұршаққа бола жерге қарап тұрар мені кім деп ең? Сен сияқты көргенсіз тоңмойынның алдында...» деп қалш-қалш етті. «Жарайды, жарайды...» деп шегіншектеген ол машинасына қарай асықты.

Сол сәттегі атамның қаһарлы жүзінен қандай қаһарман болса да қатты қаймығатыны хақ: әдеттегі ақсары оңі қып-қызыл. Қос қабағы түксініп, бірігіп кеткен. Сарғыш тарқан кірпіктері жауға атыны сансыз жебелердей шаншылады. Өншейінде адамға аялай қарайтын аласы басым көздерінен ызғар шашырайды. Бетіне тік қарау тіптен мүмкін емес. Қолындағы орағын сығымдай ұстап, қит етсе қиып түсуге әзір тұр... (Жалты, атам үйдің тұңғышы екен. Өзінен кейін үш інісі, бір қарындасы болған. Олардың барлығы да, сондай-ақ жасы кіші басқа туысқандарымыз да атам атамды, атамды «Әшу» дейді. Шамасы «ашуы қатты аға» деген сөздің қысқартылған түрі болса керек. Ал, оған теге інісі Нұрәулетті басқарар «Ашау» деп атап кеткен. Оның да жөні бар. Бұл кісі жасынан домбыра тартып, ән шырақп, бәйіт, яғни, терме айтып өскен өнерпаз екен). Сөйтіп, «Әшудің» ашуының бұырқанған сөтіне де күз болдым.

...Шала-шарпы тиелген шөптің үстіне шығысымен атам көк есекті қамшымен шыпыртып тартып-тартып жіберді де, «О, әкеңді...» деп сыбап салды. Есекті ме, әлде әлгіні ме, ол жағын білмедім. Әйтеуір, атамның айбарынан қаймығып, тілімді жұтып қойдым. Әп-сәтте өте шыққан сол оқиға өміріме өшпестей сабақ болғаны соншалық, осы күнге дейін сондай уақ-түйекке бола ұялып қалмауға тырысамын. Ондай кезде күркіреген қабаннан бір демде бүггендеген көкекке айналған бастықтың сықпыты мен оған айбыны аса ақырған атамның айбатты бейнесі көз алдыма келе қалады.

Атамның көк арбамен көсіліп жүрген кезіндегі тағы бір ерекше оқыс оқиға ойымда қалыпты: әдетте суармалы жүгері арасына жергілікті жұрт «әйіз» деп атайтын арам шөп өседі. Оны неге «арам» дейтіні ақылымызға қонбайды. Қайта ең пайдалы өсімдік осы сияқты. Өзі жұп-жұмсақ, тал бойы тұнған шырғын. Сындырып қалсаң «мөлт» етіп мөлдір тамшы тамайды. Жұпар ісі де өте жағымды. Атам жұмыстан қайтқанда осы көк балаусаның бес-алты бауын үйге тией келетін. Арба қашадан ене бергенде інім екеуіміз алдынан тұра жүгіріп, үстінде шығып аламыз да, атамның үйден сусын құйып әкеткен бидонына ұмтыламыз. Көлікті жайлап кідірткен атам ыдыстын түбінде қалған тары көжені, кейде сүт қатқан салқын шайды тостағанға бөліп құйып береді. Біз апыл-ғұпыл сіміріп саламыз да көк шөптің үстіне көсіліп, рахаттана жата кетеміз. Атам екеуіміздің таласа-тармаса тамактанғанымызға мейірлене қарап тұрады. Кейде «Сен көп ішіп қойдың», «Маған аз боп қалды» деп дауласып қалатынымыз да бар.

Ондайда «Әй, таласпаңдар, ертең тағы әкеп беремін ғой» деп қуақылана күледі. Күндегі әдетіміз – осы. Негізі, ондай сусын үйдегі кәстрөлде толып тұр. Апам бабына келтіріп дайындап қойған. Оны қанша ішсек те, әрине, ешкім «қой» дей қоймайды. Әйтсе де, оған онша аңсарымыз аумайды. Оған гөрі атамның егіс басында өзінің ішкенінен әдейі артылдырып әкеп беретініне құштармыз. Сонымен бір күні осылайша атам біздің «шөліміздің» басып болған соң арба үстіндегі шөпті түсіре бастады. Кенет, ең соңғы бауды жерге тастай салғанда ерекше «тарс» еткен дабыс естілді. Бала болсақ та бірден байқап, біз де елен ете қалдық. «Әй, бұл не?» деп дауысты сөйлеген атам байланған бауды орақпен қиып жіберді де, шөпті қосытып ашып көп қалды. Сол-ақ екен, арасынан бір қара сұр жылан ирелендеп шыға келді. Жуандығы – қос саусақтың көлеміндей, ұзындығы – аттың тұсау жібіндей. Алғашында абырап қалған біз үй жаққа шошына тұра қаштық. «Қорықпаңдар! Мен қазір оны...» деп бізді жұбата сөйлеген атам қолына қораға сүйеулі тұрған айырды ала салып оның ізімен отород жаққа ұмтылды. Ұзамай-ақ жансыз жыланды айырдың ұшында салақаттып алып шықты. Сонан соң дәу «Вермут» шарабының бөтелкесін әкелтіп, соған салды да: «Күдай бір сақтанды ғой, балаларым... Шөпті баулап, арықтық жиегіне жинап қойғанда арасына кіріп алған ғой. Арбаға басып жатқанда қалай байқамай қалғам? Енді мұны күннің қызуы ерітіп, майға айналдырған соң дәрі жасайық» деп сөйлей жүріп, үйіміздің шиферлі шатырының күнгей жақтағы жақтауына іліп қойды.

Біздің Кішішыған – Жаркент пен Қорғастың ортасындағы күре жолдың бойына екіге жарыла қоныс тепкен ауыл. Айналасы – шеткі үйлердің іргесіне дейін егілген жүгері алқабы. Ауылдан аттап шыға қалсаң қалың бұршақтың арасына қойып кетесің. Үлкендер ығи «О-о, Головацкийдің өзі «Малый Чиган – біздің «40 леттин» Қостанайы ғой» деген...» деп мақтанып жүретін. Мақтанса мақтанғандай. Ауылдағылардың бүкіл тірлігі осы дақылмен байланысты. Бала-шағаға дейін көктем мен жазда ауызкей тілде айтылатындай «отакқа», яғни, жүгеріні арам шөптен арылтуға, суғаруға, «бөпек» жұлуға атсалыссақ, күзде өнімін жинауға жұмыламыз. Оның өзі балалар үшін бір думан. Қолғабыс жасай жүріп, ойнаймыз. Ойнай жүріп, ортақ еске улес қосамыз. Осыдан болар, ауылымыз берекелі де мерекелі. Бірақ, бала емеспіз бе, кейде жүгеріні күтіп-баптаудан жалғынып та кететін кездер болады. Ондайда Еңбекші, Лесновка, Сарыбел, Қоңырөлкен

сияқты тоғайлы, таулы, өзенді өңірлерде қоныс тепкен ауылдарға бара қалсақ, «Қап, біздің ауылдың да осындай жерде орналаспағаны-ай» деп өкінетініміз де рас.

Жүгерінің алғашқы реттегі суаруы ауызкей тілде «Топырақ су» деп аталады. Осы және екінші-үшінші суаруынан кейінгі төртінші-бесінші суғару жұмысы етпеп жеңілдеп, арқамыз келіп қалады. Тіз қатар өскен бойшаң жүгері дақылы көрер көзге өте көрікті. «Дала аруы» десе, дегендей. Ұшар басында дикан тілімен айтқанда «бөпегі», яғни, үкісі желбірейді. Әрбір талының бойында екі-үштен дөңді собығы бар. Зер сала қарап, зерденді бейнелі әлемге ұштастырған: кәдімгі бөпесін көтеріп тұрған жас келіншекке ұқсайды. Үлкендігі жеңді билектей сол бір собықтардағы маржандай тізілген сүтті дөңдерді айтсаңшы. Ақсия күлген арудың ауызындағы аппақ тістерінде болып қиялдыңды қытықтайды. Азабы мол жүгері суару жұмысының кей-кейдегі осындай бір көңілді күндерінде көк арбамыз кешке қарай бірден үйге бет түземей, ауылдың кіре берісіндегі көпірден өте салысымен атамның аккөңіл досы Нұртаза атының қақпасының алдына көп кідіріп қалатыны бар. «Қазір... мұнда кіре шығайық» деп арбадан түскен атамның «кіре салып, шығатыны» сүтпісірім уақытқа созылады. Сөйтіп, әдейі өзі шақырса да соңынан ермей отырып қалғанымыз үмітімнің күлі көкке ұшады. Әудемнен соң есік жайлап ашылып, қолына екі-үш тал көмпит пен бір үзім нан ұстап Салима апа шыққанда тіптен күдерімді үземін. Әйтеуір бір кезде әлденені даурыға әңгіме қылып атам мен досы екеуі тысқа шығады. Атам арбаға аяқ атысымен әрең тұрған мен жылбырды қағып қаламын. «Ой-ой, токта...» деген дауысқа қоса қалай екенін білмеймін, Нұртаза ата да арбаға артылып, отырып алғанын бір-ақ байқаймын. Уайымым тіптен қалыңдай түссе де атама ләм демей, өшімді көк есектен аламын. Арқасына қамшы батқан ол байқұстар қосаяқтап шаба жөнеледі. – Ой-ой, токта балам...

Естімегенің есекті екі-үш салып жібергенде шала қызу шалдар жылбырдың бір жағына жармаса кетеді:

– Бұр, бұр арбаны! Әзимандікіне...

Сол күні ел жата үйге ораламыз. Содан біраз күндерге дейін мұндай «көңілді сапар» тоқтап қалады. Есесіне атамның бірге жұмыс істейтіндерге осы достары туралы айтып отыратын қызықты әңгімелеріне қанығамын.

– Әнеу күні таң алдында далаға шықсам, – дейді атам мырса етіп қойып. – Үрбікештің үй жағынан біреудің құлындағы дауысы шығып жатыр. Құдай-ау, бұл кім деймін... Сәп салып байқасам, таныс сияқты. Кішкене тыңдаған соң, тани кеттім... Әзимандікі!

– Ойбай, оған не болыпты? – деп жанындағылар атамның аузына аңтарыла қарап қауалай түседі. Сәл-пәл қабағын түйіп, қапаланған түр танытқан атам жорға терең тыныс ала күрсініп қояды. Сонан соң ғана әлгілерге барлай қарап:

– Обал-ақ болды оған! «Әттең, шіркін, Балжан-ай...» деп боздады-ау, ол байқу! Оған біздің қара әтеш те қосыла кетті. Ана шеттен Нұртазаның ала төбеті де ұлып берді...

Бір сәт ойланыңқырап қалған әлгі топ кенет үй етіп күліп жіберді:

– Е-е, ән айтып жатыр демейсіңің...

Осылайша әзіл-қалжыны жарасқан атамның достары қашан да жұбын жазбайтын. Кейде демальс күндері оны-пұны алуға Жаркенттің орталық базарына бес-алты арбамен келетін. Ал бұл – мен үшін үлкен мейрам. Үлкендер базарға кіріп кетеді, ал мен қарауылыммен. Ақысына қожайындардың бермейтіні жоқ: жейтінім – вафли, ішетінім – лимонад. Ойдайт дейсің, жегенім – артымда, жемегенім – алдында, қағанағым қарқ, сағанағым сарқ. Арба үстінде жұмсақ көрпене жамбасқа басып, дәу көк теректердің көлеңкесінде шіреп жатамын. Қолымда – «Қазақстан пионері» газеті... Рахат өмірдің қашан да ұзаққа созылмайтыны қандай өкінішті. Бір күні бетіме газетті жапқан күйі қара басып қалып кетіппін. У-шудан ұшып тұрсам, Нұртаза атам әркімге бір дауыстап ары-бері жүгіріп жүр.

– Ей, арбамды көрдіңдер ме?

– Қарасеккатқан арба көздеріңе түспеді ме?

Айтып-айтпай не керек, сөйтіп, албасты басып ақырандығыма ақау түсті. Ішкен-жегенім желкемнен шықты. Сол кезде бұл жайды аудандық милицияға мәлім етті ме, есімде жоқ, әйтеуір достары Нұртаза атаға алғанды деп басу айтып жатты. Атам да қатты қысылғаннан қыстыға жылаған менің де басымнан сипап қойды. Сонан соң барлығы «Жарайды, даурықпайық. Бұйырған мүлік болса жоғала қоймас. Одан да жүріндер, Нүкеннің көңілін көтеріп қояйық» деп әдеттегідей арбаларға бөліне отырып «Пушкинге» қарай беттеді. «Пушкин» дегеніміз – Пушкин атындағы көшедегі сыраhana. Мұнда да қарақұрмын халық. Бірақ базардағыдай емес, барлығы ер адамдар. Тек сыра сатушы ғана – еркек дауысты ақ халатты апай. «Ақ халатты» деймін-ау, әйтеуір алжапқышы маған қонырлау болып көрінетін. Ол кісі шүмегін ұстап тұрған «сары сиыр» – сары бөшкеден бастап алған үлкенді-кішілі, ұзынды-қысқалы, әр алуан ыдыстардың ирелендеген тізбегі бейне Кремльдегі Ленин мавзолейіне кезекте тұрған адамдар сияқты...

Кенезесі кепкендердің тандайын жібітіп, тамырына жылу жіберетін осынау «шипалы» орынға жете бергенбіз. Кенет, біздің бағалы дүниесін жоғалтып, басын салбыратып келе жатқан дүйім жұрт қуаныштан шу ете қалды:

– Ой, Нүке, анау сіздің арба емес пе?!

– Иә, иә, дәл өзі...

– Бұл қалай келген-ей?!

«Қалай келгені» көп ұзамай-ақ мәлім болды: бос байланған жылбыр шешіліп кеткен. Ал «қарауыл» қалың ұйқыда. Содан өз еркі өзіне тиген есекке жылбырын сүйреткен күйі

осылай қарай тартқан... Сөйтіп, еті арам болса да, түйсігі тұзу мақұлық баршамызды бір таң қалдырғаны бар.

Әсілі, қазақы қаймағы қалың әр ауылда әрбір сөзін қиыннан қиыстырып айтып, қиып түсер айтықтар да, олардың аузынан шыққан айызынды қандырап атаулар да аз емес екені аян. Біздің ауылда да солай. Үлкендердің әңгімесінен «Әткеннің шоқысы», «Нарынның сайы», «Стамшалдың сазы», «Салпықтың тоғаны» іспеттес жер атауларын жиі еститінім. Олардың барлығы – елге мәлім батыр, болыс, би бабаларымыздың құрметіне қойылған тарихи атаулар. Сол сияқты «Мұқаштың өрі» деген сөзді де құлағым шалып қалып жүрді. Оны тіпті бригада есепшілері жүргізушілердің еңбеккүнін жазғанда жолдама қағазына, өз тілдерімен айтсақ «пүйтепкесінің» ісапарға баратын жерінің атауы ретінде жазатын. Мен мұны бір атақты адамның атына қойылған жер атауы деп жүріппін. Сөйтсем... Бірде атамдардың өзара әңгімелерінен оның сырны қанығып, күлкіге қарық болдым. Ол ешқандай да тарихи тұлға емес, кәдімгі күн сайын өзін көріп жүрген көк күпәйкелі тракторшы Мұқаш ағамыздың «құрметіне» қойылған екен. Бригада механизаторларының барлығы әлгі ат қойылған дөңге келгенде екпіндетіп келіп, жүйткіп өте шығатын көрінеді. Ал, сол «асуда» әлгілер сияқты екпінмен аса кетудің орнына табиғатынан байсалды, баяу қимылдайтын Мұқаш ағамыздың тракторы да аяндаған күйі міндетті түрде ұдайы «енгітіп» барып, «асылып» қалады екен. Содан сол дөңге байланысты әңгіме бола қалса, ауылдағылар «Е-е, әлгі «Мұқаштың өрі ше...»» деп тілге тиек етеді.

Анық атын осы күнге дейін білмеймін, көрші ауылда бір шопыр болды. Оны замандастары түгелдей «Похорон» деп атайтын. Бұның да сыры сол: ұжымшар оған астында желмен жарысуға жарайтын жап-жаңа мәшине берсе де, тактайдай тептегіс тұзу жолда да жылдамдығын отыз-қырықтан асырмайды екен. Соған орай қу тілді құрдастарының берген атауы көрінеді.

Анда-санда ашуланғанда айбарынан айсаберг қатыратын атам, жайшылықта соншалықты жайдарлы еді. Көңілі түскенде осындай әзіл әңгімелерді төгілте айтып, төңірегін көл-көсір күлкіге көметін. Ал оңаша қалғанда отбасындағы кез келген жәйтке байланысты байсалды да байыпты қалыппен сестене тағлымы әңгімелерді санамызға сіңіретін. «Біреу бірнәрсесі сұрай келсе, ешқашан «жоқ» деме. Тіпті жоқ болған күннің өзінде жылы сөзімен себебін айтып, көңілін демеп қой. «Жоқ» десең жоқтауың аса берді... Келген қонақ алдымен сенің тамағыңа емес, қабағыңа қарайды» дейтін апама. «Жөнсіз жырықпап күле бермеңдер. Әйелдің күлкішісі қар болады, еркектің күлкішісі қор болады» деп ескертетін тәтелеріме. «Бөтен затты тауып алып, жерден сол қолыңмен көтерсең, қашан иесіне жеткізгенше оң қолыңа да берме» деуші еді інім екеуімізге.

Жаңы таза жарықтық сыртқы кескін-келбетіне де кіршік келтірмей жүретін. Жетпіс жастан асқанша жан қалтасынан оймақтай айнасы түскен жоқ. Күнде ертеңгісін айнаға қарап ұртын томпайтып, сакалын қырып, қайшыны шықылдатап мұртын қысқартып тұратын кезі әлі күнге дейін көз алдыма. Осындай тазалыққа құштарлық дағдысын біздің бойымызға да дарытуға тырысты. Басқасын былай қойғанда сырттан келе қалсақ, бірден аяқ киімдерімізді шөткілетіп қойғызатын. «Ертең ертеңгісін дәл сабакқа барарда тазалағанша осылай істегендерің дұрыс. Апыл-ғұпыл, асығыс-үсігіс істегенің ешқашан оңды болмайды...» деп шегелей айтатын. Бастауыш сыныптардағы кезімізде «дене шынықтыру» сабағында «трико» деп киетін спорттық форма болды. Матасы да болбыр, тігілген тігісі де сүйкімсіз еді. Бала біткен сол шалбарларымызды далақататын доп қушы едік. «Трикомыздың» екі тізесі жарты метр созылып алға шығып кететін. Бір күні осыны байқап қалған атам: «Осындайда шалбар болады екен-ау! Жеті атаңнан қалса да... тасташы бұл бестекті. Әй, шешесі... ақыры сатып алған соң дұрыстауын алып бермейсің бе?!» деп шешкіңіз тастаған. Ұзамай-ақ дүкеннен тікелей өзі таңдап жүріп, қымбатырақ болса да басқасын алып берген. Сөйтіп, өзі қонымды да лайықты киімді таңдап киетін атам біздің де талғаммен киінуімізді қадағалап тұратын.

Күнделікті өмірінде келенсіз жайларға жиі куә болып, әділеттіліктің туы әрдайым желбірей бермейтініне көзі жеткендіктен бе, білмеймін, мен оныншы сыныпты бітіретін жылы бірде:

– Балам, мұғалімдерің «сабағын жасы» дейді. Тәрбиені де жаман емес... Сен осы заңның оқуына барсаң қайтеді? – деп бетіме сынай қарады.

– Ой, ата... былай ғой... – деп алып, журналистік мамандықты шықыртып мақтай жөнелеймін. «Тіпті жаңағы айтқан сот, прокурорларының істегені дұрыс болмаса, тілші деген оларды газетке сынап жазып, бытшытын шығарайық» дедім қоқиланып.

– Міне, қарашы, екеуіңе де түсу үшін емтихан тапсыратын пәндер бірдей. Әуелі журналистика факультетіне бұдан бұрын творчестволық емтиханнан өтесің, – деп артықшылығын дәлелдеп әлектендім. Қызулана келе дереу кітап сөресіне ұмтылдым. Көздегенім – газет-журналдарға жарияланған мақалаларымың қиындылары жапсырылған қалың альбом. Көтеріп келіп, көлденең тарта қойдым. – Есімде ме, ата, мына «Кешікпей келер деумен...» деген фельетоным. Сол мақаладан соң ауылға қатынайтын автобус мәселесі шешіліп еді ғой. Сонда қаншама адам алғыс айтты! – дедім масаттанып әрі өз дегеніме илкіткірімін бе деген шатты есеппен.

Атам аз-маз ойланыңқырап қалды. Кесімін тағатыздана күтіп, тағы да ауыз аша бергенімде:

– Жарайды, балам, – деді салмақтана. – «Ілгері кеткен жасты кері кеткен кәрі тоқтатады» деуші еді, бетіңнен қақпайын. Алла алдынан жарықтасын. Алайда, мынаны ұмытпа! Біреу саған қатал болмасын десең... (деуің оңін суыта суытана қарады да, сұқ саусағымен кеудемді нұққі сөйледі) өзіне-өзің әрқашан қатал бол. Қандай жағдай болмасын жаныңа жағып тұрса да нәпсіңді тыя біл. Ар-ұяттан, біреудің ала жібін аттаудан аулақ бол. Қиындық болды екен деп жасыма, біреу мақтады деп тасыма. «Сабыр түбі – сары алтын» дейді, әрдайым сабырлықты серік ет!

– Мақұл ата, мақұл, – деп қайталай беріппін разы болғаннан.

– Токта, – деді тағы да атам атып тұрып, жылыстай жөнелмекші болған маған. – «Алғыс» дейсің, ә... Дұрыс. Көптің алғысын алған, бата-тілегін естіген жақсы. «Жаңбырмен жер көгерер, батамен ер көгерер» деп ата-бабамыз тегін айтты дейсің бе?

Ойлана отырып осылай деді де, жөткірініп қойды. Сонан соң жанына жүрелей тізе бүге бергенімде оң қолының салалы саусақтарымен сол иығымды баса мағыналы түрде көз тастады да қайтадан сөз бастады.

– Баяғыда бір көріпкел қария болыпты. Айтқаны айдай келеді екен. Сол ақсақал бір күні ауыл сыртындағы төбешікте астына ат көрпе төсеп, айналасындағы үш-төрт шалмен алқақотан әңгіме-дүкен құрып отырды. Кенет, жол-жөнекей өтіп бара жатқан бір жігіт атының басын арнайы бұрып әудем жерден жаулай келіп, әуелі әлгі болжампаз қартқа, одан кейін басқаларына жағалай қос қолдап салам беріпті.

Бейтаныс бозбаладың инабаттылығына иіген қариялар ол атына қайта қарғып мініп жөнеле бергенде-ақ қауқылдаса жөнеледі:

– Неткен көргенді жігіт!

– Болайын-ақ деп тұрған бала екен...

– Жә, – дейді сол сәт көріпкел кенет қолын көтеріп.

Сап тынған айналасындағылар аңтарыла қарап, ақсақалдың аузын бағады.

– Иә, жақсы азамат... Дегенмен, амал қанша... Бұл дүниеде оған бұйырған дәм-тұзы тым тапшы екен. Күні ертең-ақ түгесілігелі тұр, – дейді ол көзін жұмған күйі терең күрсіне

«Аһ» ұрған әлгі ауылдастары да амалсыздан тілін тістеп, шөгіп қалады. Өйтпегенде ше? Көріпкелдің жарты ауыз лепесі де сол кезге дейін ешқашан желге ұшып көрмеген.

Әйтсе де, арада бір күн өткенде ойламаған жерден оқыс оқиға орын алады. Әлгі төбе. Әлгі топ. Әдепкі қалып. Бірақ кешегі жігіт кеткен бағытынан кері қарай қайтып бара жатады. Өлетінше тағы да қарттармен арқа-яарқа амандасады. Ақсақалдар аң-таң. Аңырған күйі барлығы болжампазға бұрылады. Ал абыз ата еш асып-саспайды. Жолаушы жөніне кеткеннен кейін аппақ күміс сакалын саумалай сипап, қос жанырын көкжиекке қадаған қалпы: «Уа, пенделер, таң қалмай-ақ қойыңдар. Кешегі айтқанымның еш қатасы жоқ. Оның күні өлшеулі болатын. Алайда, бұл азамат барған жерінде байыпты іс тындырыпты. Ақ пейілі мен адал әрекетіне бек риза болған қалың жұртшылық оған алғысын жаудырыпты. Соның ішінде «Жасың ұзақ болсын!» деген ел тілегі құлағына шалынып, періште «Аумын!» деп қалған екен. Содан көргенді жігіттің көрер күні ұзара түсіпті, – депті. Міне, көрдің бе балам, көптің алғысының күшін!» «Көпшілік ауған жаққа, Алла да ауады» деген аталы сөз содан қалған. Бұны есіңнен ешқашан шығарма! – деп еді-ау сонда қайран атам.

Осыны айтқан жылы мен оныншы сыныпты енді ғана тамамдағам. Ал атамның жасы – елудің мол іші. Байқасам, бүгінде өзім сол шамадан он жасқа асып та кетіппін. Бірақ, бұл өсиеті қазір есіме түсе қалса, жаңа ғана естігендей күй кешемін. Тап сол он жеті жасымдағыдай...

Нұрәділ БЕГІМБЕТ

Нұрәділ Нұртөлеуұлы Бегімбет – 1960 жылы 27 наурызда туған. ҚазГУ-дің Журналистика факультетін бітірген. Панфилов аудандық «Жаркент өңірі» газетінде корректор, тілші, аудармашы, бас редактор, облыстық «Жерұйық» және республикалық «Заң» газеттерінде меншікті тілші, сондай-ақ, Панфилов аудандық әкімдігінде бас маман, бас инспектор, аудан әкімінің көмекшісі болған.

Жаркент өңірінде тұңғыш рет тәуелсіз «Ел газеті» аймақтық ұнжариясын шығарып, «Ұлағат», «Ақиқат», «Мұғалім» басылымдарына бас редакторлық еткен.

Қазір Панфилов аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы. Халықаралық «ҚазАқпарат» агенттігінің Жаркент аймағы бойынша тілші-шолюисы. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Панфилов аудандық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігі ақылдастар алқасының және «Арқас алауы» әдебиет пен өнер бірлестігінің мүшесі.

Прозаны, журналистик және аудармашы ретінде бірқатар республикалық, облыстық бәйгелердің жүлдегері атанған. Шығармалары көптеген ұжымдық жинақтарға енген, жеті кітаптың құрастырушысы, авторы.

Отбасылы. Жұбайы – педагог. Екі ұл, үш қыз, бірнеше немересі бар.



ТҰМАН АҚЫН – ТАУСЫЛМАС ТАУ БҰЛАҒЫ



Тұманбай Молдағалиев, Тоқбай Исабек

Ақын шығармашылығы табиғатпен астасып, Отан, туған жер топырағынан нәр алған, тау-тасы көркем Алматы облысының тумасы екендігін анық байқатып тұрады. Туған жерге деген сүйіспеншілігіне қалам тербеп, тұмса табиғаттың әсемдігін өлеңімен көрсете білген ақын жүрегі махаббатты да жырлаған. Сондай сыршылдығын, жүрек тебіренісінен әнге сөз туып, халық жүрегінен орын алып, бүгінгі күнге дейін сахнада болсын, шағын отырыста болсын шырылалып келуі Тұман ақынның өлеңдерінің өміршеңдігін көрсетеді.

«Тұманбай Молдағалиевтың талантын досы да, дұшпаны да әлдеқашан мойындаған, қазақ әдебиетінің классигі. Тұмаш өлеңдерінің ішкі музыкасы басқаша болғандықтан ба, бұған дейін бес жүзден астам өлеңіне ән жазылды. Қазақ ақындарында ондай көлемде әнге айналған поэзия бар ма, жоқ па, оны білмедім. Осы жағынан келгенде Тұмаштың поэзиясы өзгеше, өміршең», – дейді әдебиет сыншысы, академик Тұрсынбек Кәкішев.

Тұманбай Молдағалиевтің сөзіне жазылған әйгілі «Музарт» тобы жырлайтын «Қайран менің жүрегім» әні халықтың да жүрегін сыздатып, ой тебіренісіне еріксіз әкеледі. «Жаз өмірін, мээ өмірін қысқартып, бара жатыр, бара жатыр құс қайтып» деп басталатын әннің сөзі бір қарағанда, құстардың жылы жаққа ұшып бара жатқанын сипаттаса, адам тағдырын көрсетіп тұрғандай. Тақырыпты табиғатпен үйлестіріп, махаббатты да, достықты да, отаншылдықты да жырлаған ақын өлеңдері құлаққа жағымды, есте сақтауға да тез болып келеді. Талай әншінің бағын ашып, халыққа тез танылуына да ақын сөзіне жазылған әндердің ықпалы зор болды десек, қателеспейміз. Роза Рымбаева орындайтын «Көктем шақырады» әні халық жүрегінде Розаның бейнесін қалыптастырса, Батырхан Шүкеновтың «Отан анасы» әншінің бейнесін еске салатыны рас. Кейде әндер тек біріншіге арналып жазылады. Басқа әнші орындаса, сәні де мәні деп кетіп қалады. Ал Тұманбай Молдағалиев сөзіне жазылған әндерді

Өмірін өнермен жалғазан әр адам халықпен үндес, елімен мұңдас болса оның ізі де өміршең болмақ. Жұртының жоғын жоқтап, мұңын тарқата алған, жүректерден жол таба білген өнер иесі әрдайым ел ардақтысы, қауым құрметтісі атанбақ. Өнерім – өмірім, өлеңдерім тәрбие негізі деп білген жерлесіміз, аймақтың емес, халық мақтанышы Тұманбай Молдағалиевтің еңбегі ерекше. 1935 жылы 20 наурызда Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы Жарсу ауылында дүниеге келген ақын саналы жұмырын тағылымды істерге жұмсаған. Талай қауымның талғамына татырлық шығармалар жазған Тұманбай Молдағалиевтің алғашқы өлеңдер жинағы 1957 жылы «Студент дәптері» деген атпен жарық көрді. Содан бергі уақыт ішінде ақынның қырықтан астам кітабы шыққан. Бірнеше жинағы орыс тілінде Мәскеу, Алматы баспаларынан жарық көрген.

кім орындаса да одан ары гүлденіп, жүректерге жылы тиеді. Сонысымен де елінің сүйікті ақыны болған шығар.

Ақын өлеңдерінің біршамасы арнау өлеңдер. Танымал тұлғаларға арнап ойтолғап, философиялық пікірін білдіріп, өз позициясын да көрсетіп отырған. Атап айтқанда, ол үшін Абай, Мағжан, Қасым, Әбділалар көркем ойдың келісті үлгісі сынды.

Белгілі ақын, мемлекеттік сыйлықтың иегері Темірхан Медетбек: «Тұманбай Молдағалиев – қазақ лирикасының королі. Оның лирикасында құс қанатының сусылы, желдің үлі, судың сылдыры, жапырақтардың сыбдыры естіліп тұрады. Ол – дүниедегі тебіреністер мен тербелістердің ақыны», – деп айтып кеткендей, Тұмаш ақын қазақ поэзиясында ойып тұрып орын алар ұлы тұлға. Ауданымыздың заңғар тауын келер ұрпақ та мақтаныш көріп, өшпес мұрасын мақтаныш көреді деп сенеміз.

Индира КОЖАГУЛОВА,
Есік археологиялық өлке тау музейінің аға ғылыми қызметкері.
Алматы облысы, Есік қаласы.

ОЙ МАРЖАНДАРЫ

Әйелді сүю дегеніміз – әлемдегі барша сұлулықты сүю.

Наданға ренжу – өзіңді де сол дәрежеге төмендету деп ұғын.

Қазақтың төзімі өгіздің талысынан жаралған ба деп ойлаймын. Себебі, «Мың өліп, мың тірілген» аяулы халқым өз тарихында небір зұлмат-зұлымдықты бастан кешірсе де қайыспас қара нардай төзімділік пен жанкештілік көрсетіп тәуелсіздікке де жетті-ау, әйтеуір. Осы күнімізге тәубә айтуымыз керек, ағайын!

Мірдің оғындай ұшқыр ой мен қалың бұқара халықтың наразылығы қоғамдағы әділетсіздіктерге ашынғаннан туады. Осы табиғи катаклизмді әділетсіздікті басынан кешкен адам ғана түсінеді.

Жақсылықты ешбір таразымен өлшеуге болмайды. Ал, істеген жақсылығынды

Жаркент өңірі өзіндік табиғи ерекшеліктерімен көз тартады. Біздің өлкеде басын бұлт шалған, мұзарт шынды биік таулар да, табиғат-ананың көз жасындай болып мөлдіреп жатқан көлдер де, жайқалған жасыл алап та, тылсым сырды ішіне бүккен шөлді алқап та бар. Жазиралы өңір орман-тоғайға да бай аймақ.



ТУҒАН ЖЕР – ТАБИҒАТЫМЕН СҰЛУ

«Жаркент орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жер көлемі 170,9 мың га 3 орманшылықтан және 31 айналымнан құралған, орман күзеті мемлекеттік орман-аң күтушілерімен және Қазақстан Республикасы әуе базасының шұғыл бөлімшесімен жүргізіледі.

«Жаркент орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 3 орманшылықтан құралған.

1. Көктал орманшылығының жер көлемі 24368,0 га, 7 айналымнан құралған.

2. Іле орманшылығының жер көлемі 117109 га, 16 айналымнан құралған.

3. Лесновка орманшылығының жер көлемі 29221 га, 8 айналымнан құралған.

Орман-аң күтушілер атпен және ертоқыммен, мотомен қамтамасыз етілген. Панфилов ауданы бойынша 6 (алты) аңшылық шаруашылығы бар.

1. Адал аңшылық шаруашылығы 24026,16 га жер бөлініп берілген, орман қор жері 12571,1 га.

2. Айдарлы аңшылық шаруашылығы 10350,0 га жер бөлініп берілген, орман қор жері 5066,0 га.

3. Қазанкөл аңшылық шаруашылығы 72025,0 га жер бөлініп берілген, орман қор жері 15535,9 га.

4. Алтынкөл аңшылық шаруашылығы 50930,0 га жер бөлініп берілген, орман қор

жері 26384,0 га.

5. Панфилов аңшылық шаруашылығы 58716,0 га жер бөлініп берілген, орман қор жері 13870,2 га.

6. Бүгіл-Тамшы аңшылық шаруашылығы 126396,46 га жер бөлініп берілген, орман қор жері 7437,0 га. Бұл аңшылық шаруашылығы дұрыс жұмыс істемегелі үшін қайтарылып алынды.

«Жаркент орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жыл сайын Іле орманшылығында 66,4 гектар жерге сексеуіл егу жұмыстарын жүргізеді, және 50 гектар жерге сексеуіл көшеттерін отырғызады. Іле орманшылығының питомнигіне терек көшетінің қаламшасынан 40 мың егіледі. Сондай-ақ, Көктал орманшылығына 0,8 гектар жерге 2,7 мың терек көшеттері отырғызылды. Лесновка орманшылығының питомнигіне жыл сайын 5-6 мың қарағай көшеттерін отырғызамыз, биыл Шығыс Қазақстан Ридер қаласынан қарағай көшеттерін әкеліп отырғыздық.

Туған жер – табиғатымен сұлу. Табиғатқа қамқор жандармен әрлене түспек. Ендеше туған жерімізді, табиғамызды, айналамызды аялайық, сақтайық, қамқор болайық.

С.Т. САПАРБАЕВ,
Орман шебері.
Жаркент қаласы.

ЖАЗЫЛЫМ – 2021

Құрметті «Жаркент айнасы» газетінің оқырмандары! Алдағы 2021 жылға газетке жазылу маусымы басталды. Газетімізге жазылып, ерлікке толы еліміз бен жазиралы жеріміздің, өңірімізден өткен баһадүр батырлар мен от ауызды билердің, орақ тілді ақындардың, елге билік жүргізген болыстардың, өмірі өнегеге толы өнер адамдары мен өлкемізден шыққан даңқты тұлғалардың тарихынан хабардар болыңыз. Газетімізде Сіз үшін құнды, тың мақалалар жариялауға тырысып келеміз. Жазылу «Қазпоштаның» барлық бөлімшесінде жүргізіледі. 1 жылға жазылу бағасы 2800 теңге. Индексі – 65161.

Біз сізден қолдау күтеміз, ойлы оқырман! Ұрпағымыз өзінің шынайы тарихын біліп, ұлықты болып өссін.

міндет қылу – оны жоққа шығару деген сөз.

«Ақшаға бәрін сағып алуға болады» деген байшықеш тоғышарлардың экспанциясы өміріміздің барлық саласын қалай тез арада жаулап алғанына таңым бар.

Мадақтау мен еңбекті бағалау адамның тірлігінде жүзеге асқаны ләзім, ал оның пәни дүниеден бақилыққа озған адамға айтылғаны бос сөз болып қалмақ.

Алтынның үстінде отырғанмен байлығы өзіне бұйырмаған, халқы жартылай аш құрсақ, қарызға белшесінен батқан елді «экономикасы даму жолына түсті» деп сандырақтау «ертегі» хәм тұмаған сиырдың уызына қанған адамның утопиясы.

Өркениетті мемлекетте ана мен балаға қамқорлық бірінші кезектегі мемлекеттік міндет болып саналады. Себебі демографиялық өсімі тұрақты мемлекет

кана өзінің ұлттық қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін сақтап қалмақ.

Махаббат тек тән құмарлығы ғана емес, материалистік, рухани талап-тілектің де бір арнаға тоғысқан табиғи үндестігі болып табылады.

Өмірдегіні көріп, білу аз, әр құбылыстан саналы ой түйе білген ләзім.

Ей, адамзат! «жақсы сөз – жарым ырыс» деген ұлағатты сөз бар. Ит тірліктен қажыған жұмыр басты пенденің жан жылуын аңсауы заңды әрі табиғи құбылыс екенін есіңнен шығарушы болма. Бір ауыз жылы сөздің өмірден баз кешіп, күнәлі қадамдарға бет алған бейбақты да райынан қайтарар Жебірейіл періштеге айналатынын ұмытпағын.

жатыр.

Бекмұхамет СЕРІКБАЕВ,
Қазақстанның Заңгерлер және Журналистер Одақтарының мүшесі.
Жаркент қаласы.



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: **«БАҚ» ЖК**
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕК**
Бас редактор – **Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары –
Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ
Дизайнер – **Әділет МҰСАХАЕВ**

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➤ Газет индексі – 65161
➤ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➤ Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №1135

